

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

МНИШЕВА АЛИЯ АЙДАРОВНА

Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық  
қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алу

7M04203 – «Құқықтану» (ғылыми және педагогикалық бағыт) білім беру  
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға  
диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім  
беру институты  
Арнайы заң пәндері кафедрасының  
доценті

Е.Е.Қаженов

заң ғылымдарының кандидаты,  
әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2022 ж.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Осы диссертациялық зерттеуде автор кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алу мәселелерін қарастырды. Ғылыми зерттеу шеңберінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алу бойынша тәжірибеде тиімді бірқатар ұсыныстар берілді, сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстар жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге құқықтық баға берілді.

## РЕЗЮМЕ

В настоящем диссертационном исследовании автором рассмотрены вопросы профилактики преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних и малолетних. В рамках научного исследования дан ряд рекомендаций, эффективных на практике по профилактике преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних, а также дана правовая оценка нормативным правовым актам по преступлениям против половой неприкосновенности несовершеннолетних.

## SUMMARY

In this dissertation research, the author considers the issues of prevention of crimes against the sexual integrity of minors and minors. Within the framework of the scientific research, a number of recommendations are given that are effective in practice for the prevention of crimes against the sexual integrity of minors, as well as a legal assessment of regulatory legal acts on crimes against the sexual integrity of minors.

## МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАҒАНДАР МЕН ЖАС БАЛАЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛСҰҒЫЛМАУШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ	
1.1. Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың жалпы себеп-салдарлары.....	9
1.2. Қылмыскердің жеке тұлғасының жалпы сипаттамасы .....	27
1.3. Жәбірленушінің жеке тұлғасының жалпы сипаттамасы (Виктимология) .....	41
2. ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫҢ-АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
2.1. Қылмыстың алдын-алудың арнайы іс-шаралары.....	49
2.2. Қылмыстың алдын-алудың арнайы іс-шаралары .....	56
2.3. Құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру- құқықбұзушылықты ескертудің бір аспектісі ретінде .....	72
ҚОРЫТЫНДЫ.....	86
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	88
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі .....	94
ҚОСЫМША 2. Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарға салыстырма кесте.....	95
ҚОСЫМША 3. Сауалнама парағы .....	96
ҚОСЫМША 4. Сауалнама нәтижелері.....	100
ҚОСЫМША 5. Тергеу жүргізудің алгоритмі .....	104

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

COVID-19 – Коронавирустық инфекция 2019

АИК – Аналитикалық интернет карта

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ДДСҰ – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

ҚК – Қылмыстық Кодекс

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

РНҚ - Рибонуклеин қышқылы

ІІМ – Ішкі істер министрлігі

## КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың құқығының бұзылуы, оның ішінде олардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстар, болашақ ұрпақтың толыққанды дамуына едәуір әсерін тигізеді. Жыныстық зорлық-зомбылық көрген балалар міндетті түрде психикалық қатерге душар болады. Алайда, аталған қылмыстар латенттілігі жоғары болғандықтан, көп жағдайда отбасы шеңберінде қалады. Сол себепті кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар мәселесі әрдайым өзекті болады. Елде қалыптасқан криминогендік жағдай өте шиеленісті болып тұр, мамандардың айтуынша бұл жеке адамға, қоғамға және мемлекет қауіпсіздігіне қол сұғатын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты, міндеттері, объектісі мен пәні.

Зерттеудің **мақсаты** - Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың туындау себептерін, криминологиялық сипаттарын жан-жақты, толық, объективті зерделеу, проблемаларды анықтау, оларды шешу жолдарын ұсыну, қолданыстағы заңнаманы, оны қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну.

Жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін де, зерттеу барысында келесі **міндеттер** қойылады:

- жыныстық қолсұғылмаушылықты қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде түсінігі мен негізін зерттеу;

- кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың туындау себептері мен салдарларын қарастыру;

- Жәбірленуші мен қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеу;

- құқыққорғау органдарының тәжірибеде, тергеу амалдарын жүргізу тәртібін қарастыру;

- кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алуға бағытталған заманауи технологиялық, тәжірибелік және қылмыстық-құқықтық факторларды қарастыру.

**Зерттеу объектісіне** – аталған қылмыстардың туындауына әкеп соғатын қоғамдық қатынастар және осыған байланысты қылмыстық құқық заңнамасын жатқызуға болады.

**Диссертациялық зерттеудің пәнін** - Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнама нормалары, ресми жарық көрген сот тәжірибесі, ұқсас зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері, сот-тергеу тәжірибесінің іс-құжаттары, сонымен қатар құқық қорғау органдары, сот және прокуратура қызметкерлерінің тәжірибелік ой-пікірлері құрайды.

Зерттеу жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері, атап айтқанда талдау, синтездеу, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-құрылымдық, функционалдық-құрылымдық, құқықтық және формальды-логикалық әдіс-тәсілдері құрады. Сонымен қатар, эксперимент, статистикалық мәліметтерді талдау, сауалнама жүргізу сияқты зерттеудің нақты әлеуметтік әдістері қолданылады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі, зерттеудің теориялық базасы.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі болып, автордың Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық саласында кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алу бойынша жаңа әдіс-тәсілдер ретінде заманауи технологиялар мен бағдарламаларды қолдану және қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізуді ұсынуы табылады.

Зерттеудің нормативтік базасы.

Зерттеудің нормативтік базасын құрайтындар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Бала құқығы туралы халықаралық Конвенция, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Жоғарғы Сот нормативтік қаулылары, ҚР Бас Прокуратурасының статистикалық мәліметтері, сот шешімдері.

Зерттеу кезеңдері, күтілетін нәтижелер және оларды енгізу мен апробациялаудың болжанатын бағыттары. Зерттеу кезеңдеріне статистикалық мәліметтерді жинау және талдау, заңнаманы және нормативтік-құқықтық базаны, ғылыми және тәжірибелік әдебиеттерді, халықаралық құқық нормалары мен тәжіриберлерін зерделеу кіреді.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды тергеу алгоритмін эксперимент жүзінде қолданып көру.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1) Әлеуметтік желіде кеңінен тараған порнографиялық бейнежазбалар мемлекеттік тұрғыда барынша қатаң қадағалауға алынуы тиіс. Ғылыми зерттеу жүргізу барысында, жас балалар мен кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық зорлық-зомбылық жасайтын қылмыскерлер, жас балалардың қатысуымен түсірілген порнографиялық сайттарға жиі кіретіндері анықталды. Замануи технологиялардың дамуына байланысты, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың қатысуымен түсірілген порнографиялық сайттарды және осы сайттарға жиі кіретін тұлғаларды анықтайтын аналитикалық жүйе құрастыруға болады. Осындай жүйені «Kazdream» IT-холдингінің қызметкерлері ойлап тапқан. Осыған орай, ПМ-нің қызметкерлерінің аталған жүйені жасайтын компаниялардың өнімін жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын-алу шараларын жүргізу барысында қолданысқа енгізуін ұсынамыз.

2. Қазіргі таңда бүкіләлемдік тәжірибеде көмек сұрау дабылы (сигналы) кең тарауда. Бұл дабыл қолдың төрт саусағын қалыпты жағдайда ұстап, бас саусақты ішке бүгіп, содан соң қалған төрт саусақты да бүгу арқылы жүзеге асырылады. Аталған сигнал әлемде көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға септігін тигізді. Сондықтан осы «көмек сигналын» Қазақстан Республикасының территориясында бұқаралық ақпараттар, әлеуметтік желі арқылы, мектептерде, ұйымдарда т.с.с. барлық жерде таратуды ұсынамыз.

3. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру – құқықбұзушылықтың алдын-алу аспектілерінің бірі. Жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды тергеу әрекеттері дұрыс ұйымдастырылған болса, тиімді нәтижеге қол жеткізіледі. Сондықтан біз осындай қылмыстардың алдын-алу шараларын күшейту мақсатында, жыныстық қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру алгоритмін ұсынып отырмыз.

4. ҚР Қылмыстық кодексінің 124 бабында көзделген «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 Нормативтік қаулысына түсінік енгізу. Ол келесі редакцияда ұсынылады: «14-3. Жас балаларды азғындық жолға түсіру деп – жас балаларға қарсы, күш қолданбай, эксгибиция, әдепсіз жанасу, сипалау, шымшылау, жыныстық мүшелермен үйкелісу, мастурбация, әдепсіз құшақтасу, сексуалды көріністерді демонстрациялау, порнографиялық материалдарды ұсыну және т.б. әрекеттерді түсіну қажет».

Апробация және нәтижелерін енгізу.

Магистрлік диссертацияның зерттеу ережелері автормен жарыққа шыққан төмендегі ғылыми мақалаларда көрініс тапқан:

- ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының журналында ғылыми қызметкерлері күніне арналған «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алу» (Нұр-Сұлтан, 2021 ж.).

- «Академик» халықаралық ғылыми журналында «Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы күш қолданбай жасалатын қылмыстардың алдын алудың кейбір мәселелері» атты мақала (Қарағанды, 2021ж. желтоқсан).



## 1. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР МЕН ЖАС БАЛАЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1.1. Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың жалпы себеп-салдарлары

Балалар құқығы, олардың өмірі мен денсаулығы Ата Заңымыз Конституцияға сай, әрдайым мемлекет бақылауында және қорғауында болуы тиіс. Кәмелетке толмағандар мен жас балалар, өзінің жасы мен әрекетқабілеттілігінің толыққанды дамымағанынан, өз құқықтары мен мүдделерін қорғай алмайды [1].

Сол себепті ата-аналар, қорғаншы және қамқоршы органдар, балалардың психикасының дұрыс дамуына, олардың болашақта лайықты азамат болып өсуіне ат салысу керек. Өкінішке орай, кейінгі кезде, балаларға қатысты жасалған қылмыстар саны артуда, соның ішінде олардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы.

Статистикаға сүйенсек, 2015-2020 жылдар арасындағы жеке адамға қарсы қылмыстардың тіркелген саны көрсетілген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде көзделген жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар бойынша 2015 жылы – 2339, 2016 ж – 1634, 2017 ж – 1317, 2018 ж – 1130, 2019 ж – 1050, 2020 ж – 1800 қылмыс тіркелген. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 120 бабы бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты 226 қылмыс, 121 бап бойынша 169 қылмыс, 122 бап бойынша 322 қылмыс, 124 бап бойынша 113 тіркелген қылмыс саны көрсетілген [2].

Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың саны, әр жылда әртүрлі болып құбылмалы болғанына қарамастан, олардың қоғамға қауіптілігі жоғары. Сол

себепті бұл мәселенің осы күні өзектілігі зор. Сонымен қатар, аталған қылмыстардың жалпы саны мен ауқымдылығы жайлы ақпарат елімізде де, шет мемлекеттерде де жоқ. Себебі, аталған санаттағы қылмыстар жоғары латентті болып есептеледі және осындай әрбір қылмыс қоғамда резонанс тудырады. Құқық қорғау органдары жүйесінің кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды анықтап, тергеп-тексеруге, алдын-алуға тиісінше әрекет етпегені, сонымен қатар бұл санаттағы қылмыстардың резонансты болғандығынан, көп жағдайда азаматтар өз бетінше кінәлі тұлғаны жазалауға кіріседі. Бұған дәлел ретінде 2020 жылы Қарағанды облысы Сәтпаев қаласында болған оқиғаны атап өтуге болады. Бірнеше қылмыскер, мас күйінде, далаға шығып бара жатқан үш жасар кішкентай нәресте қызды ұрлап алып, оны зорлап, жыныстық мүшесіне зақым келтірген. Нәтижесінде, ол психикасына, денсаулығына жалпы залал келген, сонымен қатар, болашақта ана болу бақытынан айырылған. Өте күрделі аса ауыр қылмыс. Қаланың белсенді азаматтары, өз бетінше қылмыскерлерді іздеуге шығып, оларды өздері жазалауға тартуға жол берген. Әрине, азаматтық тұрғыда мүмкін әділ шешім болып көрінгенімен, аффекті жағдайы болды ма, оны нақты іс бойынша анықтаған жөн, бірақ заң алдында бәрі бірдей, мейлі ол қылмыскер болсын, мейлі жәбірленуші. Әркімнің құқығы заңмен қорғалады. Сондықтан, ешкім сот шешімінсіз біреуді кінәлі деп тануға, одан бетер жазалауға құқығы жоқ. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметін жетілдіру, аталған қылмыстардың алдын-алудың бір аспектісі ретінде, алда екінші тарауды жазғанда бөлек қарастырылады.

Ресейдің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық ғылымдарында кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстармен күресуге бағытталған сұрақтар едәуір зерттелген. Осындай зерттеуге орасан үлесін қосқан ғалымдардан Ю. Антонян, Г.Б. Ушатиков А., Ковалев О., Корнеева Г., А.П. Дерягин, А.Н. Дьяченко, Игнатов А.Н., Кибальник А.Г., Г. Краснюк, Кондрашова Т., Коняхин В.П., Ткаченко

А.А., Пудовочкин Ю., Трофимов Н., Я.М. Яковлевті атап өтуге болады. Жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың түрлі аспектілеріне, оның ішінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы әрекеттерге жаза тағайындау мәселесі бойынша кейінгі зерттеулер жүргізген ғалымдарға Васильченко Д., Голик Ю., Гоноченко О.А., Гусева О.Н., Дыщо А.В., Затона Р.Е., Исаев Н.А., Кибальник А.Г., М.А. Конева, Котельникова Е.А., Мартиросьян А.М., Набойщиков Н., Никульченкова Е.В., Оберемченко А.Д., Озова Н.А., Полковников Р.М., Поддубная Е.В., Поскоков Э.Э., Романов В.Г., Самойленко К.В., Семикин М.Л., Ситникова А.И., Сяткин Н.Н., Тыдыкова Н.В., С.Д. Цэнгэл, Шувалова Т.Г., Яни П.С. жатқызуға болады.

Қазақстандық ғалымдардың қатарында, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың құқықтық сипаттамасы туралы сұрақтар, И.Ш. Борчашвили, С.М.Рахметова, Т.А. Серикбаева, Р.Н. Юрченко, А.А. Биебаева, А.М. Калгужинова, Б.С. Турдалиева, Г.Е. Аимбетова, Б.А. Мусаева, Қ.А. Бегалиевтың және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, кәмелетке толмағандарды сексуалды қолсұғушылықтан қорғау туралы Адам құқығы туралы жалпыға бірдей декларацияда айтып өтілген. Экономикалық, әлеуметтік және мәдениетті құқық туралы халықаралық пактінде де көзделген. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінде. Балаларды қорғау мен олардың дамуын, өмір сүруін қамтамасыз ету туралы Бүкіләлемдік декларациясын да да қамтылған. Аталған құжаттардың барлығы, әсіресе Бала құқығы туралы БҰҰ-ның Конвенциясы, біздің еліміздегі қылмыстық заңнаманың құрылымына әсерін тигізді. Алайда, көптеген азаматтар өзінің де, өз балаларының да құқықтарын қалай қорғау керектігін білмейді.

Тәжірибеде жиі кездесетіні, бұндай қылмыстар жалғызбасты аналармен бірге азаматтық некеде тұратын ер адамдармен жасалады. Бұл адамгершілік тұрғыдан ешқандай ақылға сыймайтын, қоғам мен моральға жат қылық.

Осы жерде, бұл мәселенің ең алғашқы пайда болу себебіне тоқталғанды жөн көрдік. Яғни, толыққанды отбасында өзара түсініспеушілік орын алған кезде, дер кезінде көмек көрсетіп, дұрыс ақыл-кеңес беретін тұлғалар мен ұйымдар болмағандықтан, ерлі-зайыптылар ажырасу процесіне көшеді. Бұл екі жаққа да ауыр тиетін процесс, алайда ең көп зардапты балалар шегеді. Өйткені, балаға толық отбасында өсіп-өнуі әлдеқайда пайдалы.

Қазіргі таңда, әлеуметтік желінің дамуына байланысты, көптеген әйелдер батыстық эмансипацияға бет бұрып, бала тәрбиесі мен материалды қажеттілікті өз мойнына асып, үй мен жұмыс арасында шапқылап жүреді. Алайда, табиғатына сай нәзік жандылар физиологиялық себептермен, уақыт өте келе бәрібір ер адамның қолдауын іздейді. Осы сәтте, әйел адам балаларына әке емес, өзіне жан жылуын сыйлайтын ер адам кездесе болды, оны құшақ жая қарсы алып, бірге тұруға да келіседі. Бірақ ондай ер азаматтар әйелді қолдаудың орнына, керісінше масыл болып, жұмыссыз күйде жылы пана тапқандай отыра береді. Ешқандай жауапкершілікті сезбестен, оған қоса, әлеуметтік желідегі кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған түрлі порнографиялық бейнежазбалардың қолжетімділігінің нәтижесінде, оларда көрген-білгенін қайталауға қылмыстық ой туады. Қолайлы уақыт туғанда, қылмыскер өзінің қасақана ойын іске асырады.

Жоғарыда атап өтілген жағдайлар, алдын-ала жазылған сценарий секілді күннен-күнге қайталанып, көбейіп келеді. Осы тақырыпта жазылған еңбектер аз емес, және көптеген ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде, 2015 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа жаңадан енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде осы санаттағы қылмыстарды жасаған тұлғалар үшін жаза едәуір қатаңдады [3].

Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды болдырмаудың ең алғашқы және маңызды жолы ол – отбасын сақтап қалу, баланың туған әке-шешесінің қолында тәрбиесін көріп өсуі. Еліміздің тарихына көз жүгіртсек, қазақ еш

уақытта «жетімді жылатпаған, жесірді қаңғыртпаған» және баланы өз әулетінен алыстатпаған. Жесір әйелді әмеңгерлікке беру дәстүрі де, мағынасы астарлы, маңызды институттардың бірі [4].

Қазақ қоғамында, әйел бөгде, тегі бөлек біреуге тұрмысқа шықса, балаларына өгейлік, мейірімсіздік танытуы мүмкін екенін ертеден білген. Сол себепті, әйел басқа біреуге тұрмысқа шыққанымен, баланы өз әулетінде алып қалған.

Ажырасу деген ұғым бұрын болмаған. Себебі, отбасында кикілжін туындаса, ақсақалдар мен билердің ақыл айтып, дұрыс бағыт беруінің арқасында, отбасы сақталып, барлық сұрақтар бейбіт жолмен шешілген. Бұл өте маңызды және қазіргі таңда, еуропалық мәдениетке еліктеген қазақ қоғамында жойылып кеткен институт.

"Жеке адамның жыныстық тиіспеушілігін қылмыстық-құқықтық қорғаудың әлеуметтік негіздері" кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын қылмыстық-құқықтық іс-әрекеттерді криминализациялаудың әлеуметтік негіздері ретінде талданады. Отандық қылмыстық-құқықтық ғылымда осы уақытқа дейін қылмыстық заңның кеңестік даму кезеңінде басталған жыныстық қылмыстардың түсінігі мен әлеуметтік мәні туралы пікірталас жалғасуда. Кейбір ғалымдар оларға жыныстық мораль принциптеріне, атап айтқанда жыныстық қатынас режиміне қол сұғатын әрекеттерді жатқызуды ұсынды, жыныстық қылмыстардың басты ерекшелігін атап өтті - объективті жағында олар жасалған әрекеттердің жыныстық сипатын қамтуы керек және нақты жәбірленушілерге жеке назар аударуы керек. Басқалары жыныстық қылмыстар моральдық нормаларды өрескел бұзу деп санайды, моральдық қағидаларды бұзумен байланысты, осылайша "жыныстық мораль" деп аталатын әлеуметтік қатынастардың ерекше тобын бұзады. Тиісінше, жыныстық қылмыстардың әлеуметтік мәні порнографияның таралуына, притондардың ұйымдастырылуы мен мазмұнына және т.б. байланысты кеңейе түсті, өйткені мұндай қылмыстар қоғамдық қауіпсіздікке,

қоғамдық тәртіпке және халықтың денсаулығына қарсы қылмыстарға емес, жыныстық қылмыстарға жақын. Бүгінгі таңда көптеген авторлар жыныстық қылмыстардың әлеуметтік табиғатын анықтай отырып, аталған пікірталастың аясында ғылыми қарама-қайшылықты жалғастыруда.

Қазақстандағы қылмыстық заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына және жалпыға бірдей халықаралық құқық нормалары мен принциптеріне негізделген. Осы орайда, кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстарға төтеп беру, алдын-алу қажеттілігін анықтайтын халықаралық құқықтың нормаларына талдау жүргізген дұрыс.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселесін реттейтін халықаралық құжаттардың ең негізгісі болып, БҰҰ-ның бала құқығы туралы Конвенция табылады. [5]. Аталған құжат барлық қатысушы мемлекеттерге міндетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев, 2 қыркүйек 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайлы атап өтті. Осыған орай келесідей тапсырмалар берді:

«Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы. Сот шешімінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет.

Біз шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тарттық. Алайда елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұр. Біз заңнаманы ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын» [6].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа жолдауында, жазаны қатаңдату бойынша, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды жасағаны үшін ең қатаң жаза ретінде өлім жазасын қолдануды белгілеген жөн деп санаймыз. Себебі, бас бостандығынан айыру мерзімін ұзартылғанымен, 2018 жылдан бастап медициналық мәжбүрлеу шарасы ретінде химиялық кастрация қолданысқа енгізілгенімен, осындай қылмыс жасайтындар саны азайған жоқ. Сондықтан, өлім жазасы ең қатаң жаза ретінде қолданылса, қылмыскер кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қандай да бір қылмыстық әрекет жасау түгілі, ойлауға да қорқатын болады.

Бірақ, таяқтың екі ұшы бар демекші, жалған жала жабу мәселесін естен шығармау қажет. Отбасындағы тұрмыстық ауыртпашылықтарын (маскүнемдік, нашақорлық т.б.) немесе қылмыстық жолмен біреудің мүлкіне ие болу мақсатында, кәмелетке толмағандардың жалған жауап беруден ескертілмейтінін пайдаланып, жала жабуды өз басының жеке мәселесін шешу үшін қолдануға баратындар жоқ емес. Сол себепті мұндай қылмыстарды тергеу барысында, құқыққорғау органдары барынша мұқият болып, кәсіби даярлықтары жоғары деңгейде болуы міндетті. Осы тақырыпта зерттеу жүргізу барысында, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің, кәмелетке толмағандар мен жас балаларға қарсы қылмыстарды тергеу кезінде қолданатын нұсқаулық жазып шығару алға қойған мақсаттарымыздың бірі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық саласында жыныстық қолсұғылмаушылық ұғымының нормативтік анықтамасы жоқ. Бұл ҚР ҚК – де қолсұғушылықтың негізгі объектісі-жыныстық қолсұғылмаушылыққа сәйкес аталатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды оқшаулаудың болмауына байланысты болуы мүмкін. Салыстыру үшін Ресей Федерациясының Қылмыстық Заңына жүгінуге болады, онда құқық бұзушылықтың бұл түрлеріне екі бөлек тарау берілген: «адамның жыныстық тұтастығына және жыныстық

бостандығына қарсы қылмыстар» және де «адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар». Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы құқық бұзушылықтар келесі тарауларда белгіленген: біріншісі – «жеке адамдарға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар» және екіншісі – «отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар».

ҚР ҚК 3-бабының 42-тармағына түсініктемелер берілген, соған сәйкес: «кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар 120 (зорлау), 121 ( сексуалды сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері), 122 (16 жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалды сипаттағы өзге де әрекеттер), 123 (жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалды сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету), 124 баптарында (жас балаларды азғындату) көзделген әрекеттер. [7]. Жоғарыда айтылғандар бізді қылмыстық құқық қорғау объектісі ретінде жыныстық қолсұғылмаушылықтың түсінігі мен мәнін түсінуге, қылмыстық құқық ғылымына жүгінуге итермелейді. Айта кететін жайт, құқықтық әдебиеттегі тақырыпты талқылау аясында екі термин қолданылады – бұл жыныстық тұтастық және жыныстық еркіндік. Біздің ойымызша, олардың бір-бірімен қалай байланысты екенін анықтау керек: олар синонимді ме, әлде оларда әртүрлі құқықтық мағына бар ма. Орыс тіліндегі «қолсұғылмаушылық» сөзінің мағынасы «сын есімнің мағынасына сәйкес қол сұғылмайтын мүлік немесе мемлекет; біреудің кез-келген қол сұғушылықтан сақтау, бостандық» деп түсіндіріледі [8]. Орыс тілінің қолданыстағы негізгі түсіндірме сөздігі бостандықты мәжбүрлеу мен тәуелділіктің болмауы ретінде анықтайды; кедергісіз әрекет ету мүмкіндігі ретінде. Қазіргі философиялық көзқарастар бостандық дегеніміз - субъектінің өз мүдделеріне деген көзқарасын көрсететін ойы, яғни оларды анықтайтын себеп болып табылады [9].



Елімізде күш қолдану арқылы жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыс жасайтын әрекеттер түсінігі «Зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 Нормативтік қаулысында нақты көрсетілген. Алайда күш қолданбай жасалатын жыныстық бостандыққа қарсы қылмыстар қатарындағы ҚР Қылмыстық кодексінің 122 және 124 баптары бойынша түсініктеме аталған қаулыда жоқ. Әрине, Қылмыстық кодекске жазылған арнайы И.Ш. Борчашвилидің комментарийі тәжірибеде кеңінен қолданысқа ие. Алайда, қылмыскердің әрекетін саралау барысында сұрақтар туындайды. Комментарийде көзделгенімен, Жоғарғы Сот қаулысында белгіленбесе, оның күші болмайды. Осыған байланысты жиі дауға алынатын ҚР Қылмыстық кодексінің 124 бабында көзделген «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 Нормативтік қаулысына: «14-3. Жас балаларды азғындық жолға түсіру деп – жас балаларға қарсы, күш қолданбай, эксгибиция, әдепсіз жанасу, сипалау, шымшылау, жыныстық мүшелермен үйкелісу, мастурбация, әдепсіз құшақтасу, сексуалды көріністерді демонстрациялау, порнографиялық материалдарды ұсыну және т.б. әрекеттерді түсіну қажет» - деген түсініктеме енгізу қажет.

Ш. Седнев, біздің ойымызша, «көзқарастардағы концептуалды бірліктің болмауына қарамастан, «Бостандық» ұғымының семантикалық тұжырымдамасын бөліп көрсетуге болады: өз іс-әрекеті мен мінез-құлқын дербес анықтай отырып, тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарымен және заң талаптарымен шектелетін әрекет ету қабілеті» деп дұрыс айтады [10]. Осылайша, «қол сұғылмаушылық» және «еркіндік» ұғымдары жалпы мағынада синоним емес. Осы екі ұғымды олардың жыныстық қатынастарға қолданылуында қарастырамыз. Жыныстық бостандықты кейбір авторлар «жыныстық қатынаста өзін - өзі анықтау бостандығы... Қоғамдық

ортада қалыптасқан жыныстық қатынас кезіндегі бостандық - басқа адаммен жыныстық қатынасқа түскенде таңдау бостандығы, ешқандай мәжбүрлеуге жол бермеу» деп түсіндіріледі.

А. Кибальник пен И. Соломоненконың пікірінше, бұл «өзінің жыныстық қалауын қалай және кіммен қанағаттандыру керектігін өз бетінше шешу құқығы. Сонымен бірге, өзінің жыныстық бостандығына жол берудің өлшемдері мен шекараларын жәбірленуші анықтайды – ол тек оған қарсы жасалған әрекеттің нәтижесінде оның жыныстық бостандығы зардап шегетінін анықтауы керек» [11].

А. Б. Мельников, М. А. Кочубей және С. Н. Радочинский "бұл адамның жыныстық қажеттіліктері мен тілектерін қалай және кіммен қанағаттандыру керектігін шешуге құқығы" деп санайды [12].

Смирнов пен А. Толмачев оны «адамның жыныстық қатынасқа түсу немесе кірмеу мүмкіндігін таңдау құқығы», - деп анықтайды [13]. Коняхин В.П. жыныстық тұтастық адамның жыныстық бостандығының элементі деп санайды. Осылайша, адамның жыныстық тұтастығына кез-келген қол сұғушылық оның жыныстық еркіндігін бұзуға кепілдік береді [14]. Біз осы тұжырыммен келісеміз.

М. А. Никитина неғұрлым егжей-тегжейлі анықтама береді, оған сәйкес «жыныстық еркіндік дегеніміз-адамның өз қалауы бойынша өзінің жыныстық қажеттіліктері мен мүдделерін, жыныстық серіктесін қанағаттандыру тәсілін, формасын таңдау және оның келісімі болған кезде онымен жыныстық қатынасқа түсу мүмкіндігі, сондай-ақ кез-келген адаммен жыныстық қатынастан бас тарту құқығы, серіктес. Сонымен бірге, кез-келген серіктеспен жыныстық қатынастан бас тарту арқылы біз жыныстық қажеттілікті қанағаттандырудан толық, түбегейлі бас тартуды емес, белгілі бір субъектінің ұсынысын қабылдамауды немесе ұсынылған формамен келіспеуді айтамыз» [15].

Жоғарыда келтірілген анықтамалардың барлығын әрқайсысы толығымен қанағаттанарлық деп санауға болады, егер олардың барлығы жыныстық еркіндік тақырыбы туралы ескерілген болса. Біздің ойымызша, ересек адамның бұл мүмкіндігі бар, өйткені жыныстық қалаулар мен қажеттіліктерді қанағаттандыру ересек пен сау адамның өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жыныстық қажеттіліктер мен оларды қанағаттандыру жыныстық жетілуге жеткен ересектердің физиологиясына тән. Жыныстық қажеттіліктер адамның белгілі бір жаста жыныстық жетілуінің басталуымен байланысты болады. Жыныстық жетілу болмаған кезде жыныстық еркіндік туралы және, тиісінше, «сіздің жыныстық қажеттіліктеріңіз бен тілектеріңізді кіммен және қандай түрде қанағаттандыру керектігін таңдау мүмкіндігі» туралы айту мүмкін емес. Біз осы анықтамаларға назар аударған екінші мәселе – «адамның шешімді өзі қабылдау құқығын» көрсету. Өздеріңіз білетіндей, тек ақыл-есі дұрыс адам, яғни психикалық сау адамның ғана тәуелсіз шешім қабылдауға мүмкіндігі бар. Осылайша, жоғарыда келтірілген анықтамалардың кемшілігі, біріншіден, оларда ересек адамның жыныстық жетілу көрсеткіші жоқ, екіншіден, олар заңды маңызы бар белгіні елемейді-бұл зардап шеккен адамның психикалық денсаулығына қауіпті. Осыған байланысты, біздің ойымызша, кәмелетке толмағандар, тіпті одан да жас балалар туралы сөз болғанда, «жыныстық еркіндік» сияқты өрнекті қолдануға болмайды. Бұл жағдайда «жыныстық тұтастық» сияқты тұжырым неғұрлым қолайлы болады. Кейбір авторлардың пікірінше, «жыныстық қол сұғылмаушылық дегеніміз-белгілі бір адамдар тобына қатысты жыныстық қатынасқа мүлдем заңды тыйым салу болып табылады. Жыныстық қол сұғылмаушылыққа ие тұлғалардың қатарына - кәмелетке толмағандар және психикалық немесе физикалық кемшіліктерге байланысты өз еркін білдіре алмайтын басқа адамдар жатады» [16].

Степанова М. А. және Царев Е. В. «жыныстық тұтастық-бұл белгілі бір адамдар тобына қатысты жыныстық қатынасқа мүлдем заңды тыйым салу» деп санайды [17].

Мартиросян А.М. «жыныстық қолсұғылмаушылықты жыныстық қолсұғушылықтың түрлік объектісі ретінде жыныстық салада еркіндікті иелене алмайтын кәмелетке толмағандарды санау ұсынылады» деген пікір білдірді [18]. Рагозина и. Г. кәмелетке толмағандарды «жыныстық еркіндік сияқты ерік-жігердің субъектілері ретінде тану мүмкін емес» деп атап өтті [19]. Бізге әсіресе жыныстық қолсұғылмаушылық «жыныстық еркіндігі жоқ адаммен жыныстық қатынасқа түсуге моральдық және құқықтық тыйым салу, мұндай адамдардың оларға қатысты жасалған жыныстық әрекеттің мәні мен салдарын түсіне алмауына немесе жыныстық саладағы өз іс-әрекеттерін басқара алмауына байланысты» деген пікір таң қалдырады. Біздің ойымызша, бұл жыныстық еркіндігі жоқ адаммен жыныстық қатынасқа түсуге заңды және моральдық тыйымның мазмұнын толық көрсететін «иммунитет» термині. Қоғамдық мораль мен заңдардың логикасына сәйкес, кәмелетке толмағанның денесі мен жеке басында болып жатқан процестерге қол сұғуға болмайды, және олардың соңғы сатысында толық, сау жыныстық жетілумен аяқталып, иесіне жыныстық еркіндік берілуі керек. Алайда, кейбір сұрақтарды нақтылау қажеттілігі туындап отыр. Бірінші нақтылау сұраққа не жауап беру керек: кәмелетке толмағандардың барлығында жыныстық еркіндік жоқ па? Мысалы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсанындағы №515-IV Кодексінің 10 бабында мыналар белгіленген: «1. Неке (ерлі-зайыптылық) жасы ерлер мен әйелдер үшін он сегіз жаста белгіленеді. 2. Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар мынадай дәлелді себептер болған кезде: 1) жүктілік; 2) ортақ бала туғанда неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді» [20].

Қазақстан Республикасының ҚК 122 бабы «Көрінеу он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас, еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де әрекеттер үшін» қылмыстық жауаптылықты белгілейді. Жоғарыда келтірілген

құқықтық актілердің көрсетілген нормаларынан кәмелетке толмағандар үшін он алты жасқа толғаннан кейін жыныстық қатынасқа түсуге жол берілетіні туындайды. Заңшығарушының бұл ұстанымы он алты жасқа толған кәмелетке толмағандардың жыныстық еркіндігі бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан жыныстық тұтастық туралы тек он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағандар туралы айту керек. Екінші нақтылау біріншіден туындайды. Мысалы, М. О. Крупкина былай деп жазады: «... жыныстық бостандықты жүзеге асырудың жас шегін анықтау туралы мәселенің қорытындысының дұрыстығына күмән келтіреді. Оны заң шығарушы 16 жасында анықтайды, ал бұл жастағы барлық адамдар моральдық тұрғыдан емес, физикалық мағынада жыныстық жетілуге қол жеткізе бермейтінін ескермейді». Біздің ойымызша, бұл мәлімдеме заң шығарушының он сегіз жасқа толмаған адамның бала деп танылатындығына қатысты пікіріне сәйкес келеді (ҚР Неке және отбасы туралы Кодексінің 1-бабының 8-тармағы). Осыған ұқсас Ереже «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңында бекітілген. Аталған құқықтық ережелер «Бала құқықтары туралы Конвенцияның» 1-бабына толық сәйкес келеді, онда «18 жасқа толғанға дейін әрбір адам бала болып танылады» делінген [21]. Шын мәнінде, парадоксалды жағдай қалыптасады: бір жағынан, заң он сегіз жасқа толмаған адамдарды баламен анықтайды; екінші жағынан, балада жыныстық жетілудің, сондықтан жыныстық еркіндіктің басталуын қарастырады. Біздің ойымызша, заң шығарушының логикасын келесідей түсіндіру керек. Оған жеткенге дейін адам бала деп танылатын, демек жыныстық жетілуге жетпеген жалпы жас он сегіз жас болып табылады. Өздеріңіз білетіндей, әрқашан жалпы ережеден ерекше жағдайлар болады. Сондықтан жеке адамдар жыныстық жетілуге он сегіз жасқа дейін жетеді, ал басқаларында жыныстық жетілу он сегіз жасқа дейін аяқталады. Өкінішке орай, заң шығарушы кейбір кәмелетке толмағандардың жеке ерекшеліктеріне байланысты он алты жасында әлі жыныстық жетілуге

жете алмайтын жағдайды ескермеді. Әрине, бұл екіұшты жағдай төмендегілердің арқасында өзінің заңды шешімін табуы керек. А.П. Загрядская, әйелдердің жыныстық жетілу жағдайы бойынша, жыныстық өмір, тұжырымдама, жүктілік, босану және баланы тамақтандыру қалыпты функциялар болған кезде және ана міндеттерін орындауға қабілетті болған кезде әйел денесінің соңғы қалыптасуын түсінеді. Жыныстық жетілуге сараптама жасау кезінде А.Загрядская ағзаның даму белгілерінің келесі жиынтығын ескеруді ұсынады: а) ағзаның жалпы дамуы; б) жыныс мүшелерінің дамуы және копуляция қабілеті; в) жүктілік қабілеті; г) ұрық көтеру қабілеті; д) босану қабілеті; е) азықтандыру қабілеті. Жеке алынған осы белгілердің әрқайсысы шешуші емес және тек олардың жиынтығы жыныстық жетілуді бағалауға мүмкіндік береді [22. 26-27].

Сол сияқты, «Л. Я. Милман ерлердің жыныстық жетілуін өмір сүру кезеңі ретінде анықтайды, оның барысында организм морфологиялық және функционалды дамуға жетіп, ұрпақтарын көбейтуге қабілетті. Б. М. Семенов жыныстық жетілуді жыныстық бездердің жалпы физикалық дамуы мен функционалды жағдайы ағзаның одан әрі дамуына зиян келтірместен жыныстық белсенділікке (копуляция және ұрықтандыру) мүмкіндік беретін өмір кезеңіне жету деп түсінеді» [23. 35-43]. Біздің ойымызша, адамның жыныстық жетілу критерийлерін анықтауға терең үңілмеу керек, өйткені бұл сот-медициналық зерттеудің саласына тиесілі.

Мысалы, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар тек физикалық залал келтіріп қана қоймай, ең алдымен психологиялық және әлеуметтік залал келтіретіні анық. Т.Г. Шувалованың келтірген ақпаратына сүйенетін болсақ, жыныстық қол сұғылмаушылық қылмыстарын жасаған тұлғалардың 54%, жәбірленушілерге физикалық күш қолданбаған немесе жеңіл жарақат келтірген [24].

Сексуалды зорлық-зомбылық, жыныстық мінез-құлықтың бір түрі ретінде, яғни оның әлеуметтендірілмеген, вандалды формасы. Оны адамның сексуалды өмірінің жалпақ түрдегі құқықтық құбылыс ретінде қарастырмаса болмайды.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды қарастыра отырып, олардың детерминациясына байланысты ішкі (қылмыскердің тұлғасына қатысты) және сыртқы екі түрге жіктеуді ұсынамыз.

Қылмыскердің ішкі жеке тұлғасын сипаттайтын:

- жас балалар мен кәмелетке толмағандарға деген сексуалды құмарлық;
- дөрекілік, жиі қатыгездікке ауысатын, ар-ұят сезімінің болмауы, адамдар мен адамдық қасиеттерге деген сыйластықтың жоқтығы. Олар эгоизм, балалар мен қоршаған ортаға тұтынушы ретінде қарауы;
- қатыгездік, агрессияға берілу, ашушаңдылық. Агрессивті мінез-құлық – кек қайтару, қызғаныш, ашу, көре алмаушылық секілді эмоциялардың басым әсерінен пайда болады;
- жыныстық қарым-қатынастағы көзқарастарындағы қарабайырлық, оларды жас балалар мен кәмелетке толмағандарға қатысты физиологиялық қатынасқа итермелейді;
- жыныстық құмарлығын қанағаттандыру жолында, ешқандай тыймдарды мойндамайтын - нәпсіқұмарлық пен арсыздық.

2. Сыртқы:

- зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай ретінде көздейтін, отбасындағы қолайсыз жағдай (жынысық және өзге де арсыздық көріністері, моральға және құқыққа қарсы өмір сүру салты, жақындарына деген қатыгездік пен немқұрайлық, маскүнемдік, паразитизм т.б.). Статистикаға сүйенсек, жас балалар мен кәмелетке толмағандарға қарсы қолсұғушылық жасаған сотталғандардың көбісі, балалық шақтарында өздеріне қарсы зорлық-зомбылық көргендер. Шамамен 23% сұрау жүргізілген қылмыскерлер, өздерінің балалық

шақтары жайлы анасының немесе басқа тұлғалардың (әкесі, ағасы) тарапынан дөрекі зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрген кезең ретінде атап өткен.

- отбасы мен жақын ортасындағы жасөспірімдерді тәрбиелеудегі жаман қылықтар; отбасылық кері ұйымдастырушылықтың түрлі формалары: жыныстық арсыздықтың кері әсер етуші көріністері, әйелге деген циникалық қатынас; жасөспірімнің сексуалды мінез-құлқында теріс көзқарастар мен дағдылар қалыптастыру, ересектер мен арсыз құрдастарының тарапынан айдап салу және т.б.;

- жас балалар мен кәмелетке толмағандардың ортасында маскүнемдік, нашақорлық және таксикомандықты тарату, сонымен қатар осы ортадағы жыныстық қатынастардың криминогендік жағдай.

- бұқаралық ақпарат құралдарының (теледидар мен интернет), «сексуалды бостандық», зорлық-зомбылық пен порнографияны насихаттайтын бүлдіруші әсері;

- идеологияның, адамгершіліктің кризисі, саяси және экономикалық дағдарыс, әлеуметтік бұрмалану, әлеуметтік кері ұйымдастырушылық, бәріне рұқсат беруді құптайтын, биліктің, заңның, ата-аналардың авториттерінің жойылуын қалыптастырады;

- кейбір жәбірленушілердің тарапынан абайсыздық пен орынсыз сенімділік;

- балалардың қараусыз қалуы;

- сексуалды патология белгілерін анықтауда, жас балалар мен кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалды зорлық-зомбылыққа бейім тұлғаларды анықтауда құқыққорғау органдары мен денсаулық сақтау органдарының қызметіндегі ақаулықтар, аталған тұлғалардың құқыққа қарсы әрекетін тоқтатуға, оларды емдеу мен қадағалауды қамтамасыз етудегі олқылықтар;

- жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды уақытылы және толыққанды ашпау; осындай әрекеттер бойынша қылмыстық істерді негізсіз қысқарту; жас балалар мен кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалды зорлық-зомбылық істері



бойынша кінәлінің жеке тұлғасы мен жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілігіне сәйкес келмейтін жаза тағайындау.

Назар аударатын жайт, көптеген жәбірленушілер оларға қарсы жасалған сексуалды зорлық-зомбылық жайлы хабарламайды. К.А. Толпекин мен Г.Н. Малахованың жүргізген санауларына қарасақ, Ресейдегі жыл сайынғы нақты жасалған зорлаудың саны («жасанды» және «табиғи» латенттілікті ескере отыра) қазіргі уақытта шамамен 44 - 50 мыңдай факті, бұл 4,5 - 5 есе ресми тіркеу сандарынан жоғары. В.В. Лунеевтың жүргізген зерттеулеріне сүйенсек – ескерілген зорлау фактілері латенттілермен байланыстығы 1:6, ал Г.М. Резниканың зерттеулерінде – ескерілгендер латенттілермен байланыстылығы 1: 2,6 құрайды.

Қоғамдық құндылықтардың тез өзгеруіне, қоғамды жаңа модель бойынша қайта құруға қарамастан, жалпы әлемде және оның ішінде Қазақстан Республикасында отбасы ең маңызды әлеуметтік институт болып қала береді. Мемлекет бірінші кезекте қоғамның болашақ мүшелерін тәрбиелеу міндеттерін жүктейді. Қоғамның бастапқы бірлігі ретінде дәл осы отбасы баланы қорғауға, оны сыртқы әлеммен және қоғаммен байланыс орнатуға үйретуге, оның өмірлік мүдделерін қорғауға және оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға, құқықтық сананы қалыптастыруға міндетті.

Өзекті сұрақ: егер қоғамның бір бөлігі болып табылатын адамдар зиянды атмосферасы бар отбасыларда тәрбиеленсе, мұндай қоғам жалпы қандай болуы керек? Соңғы жылдары ғылыми еңбектер мен баспасөзде балаларға қатысты отбасылық және отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты тақырыптар көбірек талқылануда. Бұл мәселенің өзектілігі оны дамушы және өркениетті елдерде де қамтыған «21 ғасыр эпидемиясы» деп атауға мүмкіндік береді.

Криминологиялық тұрғыдан зорлық-зомбылық қылмыстың міндетті, балама немесе қосымша белгісі ретінде әрекет етуі мүмкін.

Л.В.Сердюк атап өткендей, зорлық-зомбылық әрекеттерін белгілеу үшін 10-нан астам термин қолданылады: «зорлық-зомбылық», «зорлық-зомбылық

әрекеті немесе күш қолдану қаупі», «азаптау», «ерекше қатыгездік», «мәжбүрлеу», «қатыгез қарым-қатынас», «мәжбүрлеу», «қорқыту», «азаптау», «денсаулыққа зиян келтіру» және т.б. ...

Алайда, А.И. Бойцов, «... кез-келген қылмыс (ең болмағанда қасақана) - бұл адамзат қоғамының өмір сүруінің өмірлік жағдайларына қол сұғатын адамдардың қоғамға жат мінез-құлқының түрі, қоғамдағы қатынастардың қалыптасқан тәртібін бағалау әрекеті ретінде сипатталуы мүмкін». Демек, зорлық-зомбылық ұғымын бір түбірден шыққан сөздер арқылы түсінуге болады: зорлық-зомбылық - «күш қолдану, затты күшпен, құлдықпен зорлау», зорлық-зомбылық - «еріксіз, мәжбүрлеу».

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарын жасаудың басты шарты жәбірленушінің қылмыскерге қатысты бағынуы екендігі белгілі. Физикалық зорлық-зомбылық жағдайында бала, нақты физикалық әсерден басқа, ересектерге материалдық және психикалық тәуелділікке, оған салынған тыйымдарды бұза алмауға (негізді, негізсіз), көбіне біреу туралы хабардар ете алмауға негізделген ауыр эмоционалдық қысымға ұшырайды. Оның үстіне, он үш жасқа дейінгі баланың ата-анасына, әсіресе оның анасына қатты жабысуы, кейбір авторлар атап өткендей, ақталмаған қатыгездіктің шығу тегін дұрыс түсінбеуге әкеледі. Бала ересектердің зорлық-зомбылық фактілерін жасырып, болған оқиғаға өзін-өзі айыптай бастайды. Анасының кәмелетке толмағандарға бірнеше рет зорлық-зомбылық жасағаны туралы белгілі болған жағдайларда да, бала оны қорғауды қалап, керісінше айтты. Тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстың ең жоғары кідірісімен сипатталады. Осыны ескере отырып, жалпы отбасындағы және, атап айтқанда, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың нақты жағдайын сандық тұрғыдан көрсету мүмкін емес. Балаларға көбінесе ата-аналары немесе қамқоршылары тарапынан зорлық-зомбылық көріп отырғанын айту қиынға соғады. Әдетте, құқық қорғау органдары отбасылық жанжалдарға араласудан

аулақ. Мұны отбасында тіркелген қылмыстардың үлесін төмендететін факторларға жатқызу керек.

Отбасылық зорлық-зомбылық қатынастарында балалар әсіресе осал топқа жатады. Олардың агрессияға осалдығы бірқатар себептерге байланысты:

- 1) қалыптаспаған жеке тұлға;
- 2) дамыған қорғаныс механизмінің болмауы;
- 3) отбасының үлкен мүшелеріне қаржылық және психологиялық тәуелділік.

Зорлық-зомбылықтың көптеген нұсқалары бар. Оларды жалпы негіздерде біріктіру арқылы криминологтар отбасылық зорлық-зомбылықтың төрт негізгі түрін анықтайды:

1. физикалық - өлімге, ұрып-соғуға, денеге зиян келтірудің басқа түрлері;
2. психологиялық - сөзбен қорлау, қорқыту, қорлау және т.б.;
3. экономикалық - жұмысқа баруға тыйым салу немесе жұмыстан кетуге мәжбүрлеу, шығындарды толық бақылау;
4. жыныстық қатынас - мәжбүрлі жыныстық қатынас.

## 1.2. Қылмыскердің жеке тұлғасының жалпы сипаттамасы.

Адамды және оның әрекетін, сонымен қатар қылмыстық әрекетін түсіну, оның әлеуметтік-демографиялық, ар-ождан және психологиялық мінездемесін терең зерттемейінше мүмкін емес. Қылмыскердің әрекетін, оның өмір сүретін ортасындағы әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, механизмдерін білу қажет. Қылмыстардың алдын-алудың сәтті болуы, қылмыскердің жеке тұлғасына ерекше назар аударуда. Сондықтан тұлға – қылмыстық іс-әрекет механизмінің негізгі және маңызды бөлігі.

Қылмыскердің жеке тұлғасы қылмыстық саладағы ғылымдардың негізгі проблемасы болып табылады, әсіресе, криминологияның. Әлеуметтік-тарихи және практикалық талаптарға сай, сонымен қатар ғылымның дамуына байланысты, «қылмыскердің жеке тұлғасы дегеніміз не», - деген сұрақтар

әртүрлі нысанда қойылып, оның бағыты қандай, қылмысты жасаудағы рөлі қандай, қылмыстық әрекеттерді болдырмау үшін оған қалай әсер етуге болатынын анықтаған. Бұл сұрақтардың тәжірибелік маңызы зор екенін атап өткен жөн.

Қылмыс сияқты арнайы ортада, адамның қоғамдық тұлға ретінде әрекет ететінін ескеру қажет. Сондықтан оны қоғамдық психология, жүре қалыптасқан рухани, құқықтық және өзге де құндылықтар мен жеке-психологиялық ерекшеліктері бар азамат ретінде қарастыру керек. Қылмыскердің жеке тұлғасының әлеуметтік мінез-құлқы, оны қоғамның, қоғамдық топтардың және өзге қауымдастықтардың мүшесі ретінде қабылдаған жөн. Қылмыскерді белсенді және пайдалы топтық сырласуға қосу, оның түзелуінің маңызды шарттарының бірі.

Сонымен, қылмыскердің, басқа адамдардан айырмашылығы, тұлғасының ерекшелігі неде? Салыстырмалы психологиялық зерттеу барысында, қылмыскерлердің басқа адамдардан айырмашылығы, олардың қызуқанды, агрессияға берілгендігі және жоғары сезімталдығы мен тұлғааралық қатынастарда қорлау көргендігі. Сол себепті, олар әртүрлі кикілжін жағдайларда күш қолдануға бейім және де, құқықтық, рухани нормаларды толық меңгермеген, көбінесе қоғам мен оның құндылықтарынан жұрдай.

Алайда, қылмыстық әрекет тек қана адамның қоршаған ортасының кері әсерінен деп есептеуге болмайды. Қылмыстық әрекетте генетикалық алғышарттары мен қызығушылықтары, темперамент, мінез және т.б. болуы мүмкін. Сыртқы жағдайлар қылмыстық әрекетті тікелей тудырмайды. Олар тұлғаның психологиясын, ішкі рухани дүниесінің белсенділігінің негізінде туындайды.

Қылмыскердің жеке тұлғасының түсінігін анықтау үшін, келесідей арнайы сұрақтарды шешу қажет: 1) бұл қылмыс жасаған тұлғалардың барлығын қамтиды ма, әлде олардың бір бөлігін ғана ма; 2) қылмыскердің жеке тұлғасының қандай ерекшеліктерін зерттеу қажет. Ғылыми және тәжірибелік

мақсатта бұл түсінік, қылмыстық әрекетке кінәлі барлық тұлғаларды біріктіру қажет. Қылмыстардың ішінде зорлау мен алаяқтық секілді әртүрлі әрекеттер болса, қылмыскердің жеке тұлғасының түсінігі ғылыми және тәжірибелік тұрғыда, оларды жасаған барлық тұлғаларды біріктіреді. Сол себепті криминология барлық қылмыстардың себеп-салдары мен механизмін зерттейді, оның ішінде абайсызда жасалған қылмыстарды.

Соңғы уақытта Ресей Федерациясында, адамның, нақты кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстарға төтеп беруге көп көңіл бөлінуде. Осыған орай, интернет желісін, сонымен қатар өзге де ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді пайдалана отырып, азғындық әрекеттерге қарсы күрес мәселесінің өзектілігі алдағы орында. Ресейдегі ахуал келесідей: «Ең қауіпті әрекеттер – балаларды зорлау», оларды жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу – азайды. Егер 2003 жылы осы жағдайлар 199-ға жетсе, өткен жылы 146. МЖІ қызметкерлері 18 педофилді ұстаған, олардың есебінде жүзден астам қылмыстық эпизодтар бар. Педофилдер, әлеуметтік желі арқылы әңгімелесу барысында жас бала ма, үлкен бе соны анықтап, оларды алдау арқылы, азғындау әрекеттеріне көшеді. [25].

Аурулардың халықаралық қайта қарау оныншы жіктемесіне сәйкес [26] педофилия, әдетте, препубертат (10-14 жас) немесе ерте пубертат (5-10 жас) жасындағы балалардың тұрақты немесе басым жыныстық артықшылығында көрінетін жыныстық артықшылықтың бұзылуы (парафилия) тобына жатады. Педофилия-қазіргі уақытта ең көп таралған жыныстық ауытқулардың бірі, ол адамның ақыл-ойын жоққа шығармайды. Интернеттің өзі ғана емес, сонымен бірге ілеспе инфрақұрылымның заманауи дамуына байланысты барлық ресурстарға, соның ішінде кез-келген жастағы балалар қол жеткізе алады. Жеке тұлға әлеуметтік желі арқылы кез-келген ақпаратты тауып алуы мүмкін. Кәмелетке толмағандар да интернет желісінде қараусыз, ата-ана бақылаусыз

түрлі сайттарға кіреді. Польшиков А.В. «порнографиялық өнімдердің 80-90% әлеуметтік желі арқылы тарайды» деп есептейді. [27].

Тәжірибеде қылмыскерлердің, нақты алғанда, жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарда түрлі қасиеттері анықталады. Мысалы, Ауғанстан соғысының ардагері, өзінің туған немере қызына қарсы азғындық әрекеттерін жасаған. Қызы оған сенім білдіргендіктен, баланы мектептен қарсы алуға әкесіне тапсырады. Ал ол болса, ешкім жоқтығын пайдаланып, 3-4 сағат уақытта, үй іші жұмыстан келгенше, немерісіне қарсы жыныстық қылмыс жасаған. Алайда, күш қолданбаған. Тек «кәмпит беремін», - деп алдап, 7 жасар қызды жерге төселген көрпеге тізерлеп отырғызып, төсекке қарай тіреп отыруға бұйырған. Ал өзі артқы жағынан келіп, қыздың жыныстық мүшесіне өзінің жыныстық мүшесін үйкелеген. Содан соң, немересіне болған жайтты ешкімге айтпауды сұраған. Немересі ұзақ уақыт жасырып, бір күні анасына болған жайтты айтып берген. Бұл азамат 6,5 жыл бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, шартты түрде босаған. Содан соң, үйінде өзінің туған қызын зорлауға оқталған. Демек, бұл адамның психикасының бұзылуының бір көрінісі. Мүмкін соғыс салдары.

Тағы бір, қайталанатын, тәжірибеде көп кездесетін жайттардың бірі, анасымен бірге тұратын ер азаматтар, өгей әкелер. Көп жағдайда, әйелдер, жұмыста болғанын пайдаланып, балаларын өлтірумен қорқытып, жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы зорлық-зомбылық жасайды. Бұл орайда, еркектердің кейінгі уақытта көбінесе жұмыссыз отыратыны, лудомания, құмар ойындарға бейімділігі ерекше атап өтетін жайт. Үйде бостан-бос жатқан адамның, түрлі сайттарға кіруге уақыты бар болғандықтан, көбісі жас балалар мен кәмелетке толмағандардың қатысуымен порнографиялық бейнежазбаларды қарайтыны анықталды. Уақыт өте келе, көргенді, іс жүзінде іске асыруға қылмыстық пиғыл пайда болады. Бұл жайлы кейінгі тарауларда ашып айтатын боламыз.

Өте өрескел есептеулер бойынша «10 жасқа дейінгі 14 миллионға жуық бала үнемі Бүкіләлемдік ғаламторға шығады. Балалар омбудсмені Павел Астаховтың мәліметі бойынша, 2011 жылы Ресейде кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы 4,9 мың қылмыс тіркелген» [28]. «Соңғы 10 жыл ішінде елдегі педофилдер саны үш-төрт есе өсті, ал балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстар саны 2005 жылмен салыстырғанда 20 – ға жуық! Кәмелетке толмаған Интернетті пайдаланушылардың 44%-ы желіде кем дегенде бір рет жыныстық қатынасқа түскен».

Интернетті қылмыстық мақсатта белсенді қолданатын педофилдердің әрекеттерінің әлеуметтік қауіптілігі порнографиялық сипаттағы материалдарды көрсету арқылы әлі қалыптаспаған адамға теріс әсер ету болып табылады. Жас балалар мен басқа да кәмелетке толмағандар өздерінің жасына тән жеке қасиеттер кешеніне байланысты оларға қатысты осындай қылмыстық қолсұғушылықты жасауға жоғары бейімділікке ие. «Психикалық патологияның болуы балалар мен жасөспірімдердің педофилдік құрбандықтарының басты және одан да міндетті себебі емес, бірақ ол оған ықпал ете алады» [29].

Сонымен, порнографиялық ақпаратты үнемі қарап отыру бір көріністен гөрі адам үшін әлдеқайда зиянды, өйткені мұндай көріністің жүйелілігі адам психикасындағы осы саладағы теріс әлеуметтік қатынастарды тұрақты түрде қалыптастырады. Порнографиялық материал мазмұнының сапалы компоненті де маңызды. Зорлық-зомбылық бейнеленген порнография, тіпті мұндай порнографиямен жүйелі түрде танысу ер адамдарда жыныстық зорлық-зомбылыққа бей-жай қарамайды, зорлаған әйелдерге аяушылық білдірмейді және тіпті мұндай зорлық-зомбылық жасауға ниет білдіретіні анықталды. Порнографиялық материалдармен танысу кезінде адамның жеке психикалық бейімділігі де маңызды. Л. Д. Ерохиннің пікірінше, «порнографияның зиянды әсерінің дәрежесі жыныстық зорлық-зомбылыққа бейім адамдарға, мұндай мінез-құлыққа бейім емес адамдарға қарағанда үлкен» [30]. Кәмелетке толмаған адаммен не хат жазысып жатқанын біле отырып, шабуылдаушы оған

«азғындық әдепсіз мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған және жыныстық циникалық әңгімелері бар» ұсыныстар мен фотосуреттер бар файлдарды жібереді [31]. Көптеген шет елдерде олар педофилияның алдын-алу мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарайды және заңнаманы қатаңдатты, оған сәйкес балалар порнографиясы бар суреттер бар сайтқа кіргені үшін қылмыстық жаза тағайындалуы мүмкін. Бірақ мұндай заңдардың қабылдануы мұндай адамдардың іс-әрекеттерін анықтаудың, сүйемелдеудің және бақылаудың техникалық аспектісін жасамаса тиімді болмайды. Мысалы, Microsoft ықтимал педофилдерді іздеу арқылы порно сайттарды бақылайтын арнайы бағдарлама жасады. Ресейлік бағдарламашылар педофилдерге арналған тұзақ сайтын құруды ұсынады. Әр интернет пайдаланушысының компьютерінде арнайы IP мекенжайы бар, оны табу қиын емес. Осылайша, осындай тұзақ сайтында тіркелгендердің бәрі құқық қорғау органдарының назарына түседі. Ресейдегі құқық қорғау органдарының өкілдерінің айтуынша, «педофилдер басқа елдерге қарағанда кем емес және көп емес» [32].

«Бұл тізімге балалар порнографиясы бар тыйым салынған сайттарды жүйелі түрде қарайтын адамдар да кіреді, өйткені көптеген мемлекеттерде бұл үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған» [33].

«2015 жылы Польша мемлекетінде жыныстық қылмыстардың кейбір түрлеріне кінәлілерді міндетті химиялық кастрациялау туралы заң күшіне енді. Бұрын педофилдер балаларға деген құмарлықтан айыру үшін арнайы дәрі-дәрмектерді қолдану керек пе, жоқ па, соны шешуге құқылы еді, бірақ жаңа заң бұл процедураны 15 жасқа дейінгі балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасағаны үшін кінәлі деп тапқандар үшін міндетті етті». Ресейде кәмелетке толмағандардың жыныстық тұтастығына қарсы қылмыстар үшін сотталған педофилдердің бірыңғай дерекқоры жоқ, кейбір Еуропа елдерінде тек мәліметтер базасы ғана емес, сонымен қатар қылмыстардың қайталануын дәлелдеуде қолданылатын РНҚ генетикалық арнайы базасы құрылды. Біздің ойымызша, «тәуекел тобы» деп аталатын адамдардың мәліметтер базасын құру



қажет. Осы мақсатта Балалар порно сайттарына жиі кіретін, бірақ әлі қылмыстық әрекеттер жасамаған (қылмыс алдындағы жағдайда) адамдарды қадағалауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалар әзірлеу керек. Педофилия, ол қандай жолмен жүрсе де, психикалық бұзақылық болып табылады, оны қоғамнан әдеттегі оқшаулау арқылы емдеуге болмайды. Кейбір шет елдерде педофилияны жыныстық бағдармен теңестіруге тырысады, оны өзгерту мүмкін емес, бірақ Ресейде бұл аурудың психикалық түріне жатады, оны негізінен емдеуге болады.

Соңғы уақытта ақ халатты абзал жандар, педофилияны толық емдеу әдістері жоқ деп мәлімдейді. Оның бәрі организмдегі тестостерон гормонының деңгейін төмендетуге байланысты. Соған орай, қылмыскерлерге байланысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешім қабылдау өзекті болып табылады. Мәжбүрлеп емдеу – химиялық кастрация. Мәжбүрлеп емдеу дегеніміз-химиялық кастрация. Шет мемлекеттерде кастрация сот шешімімен педофилдерге қолданылады. Алайда Ресейде, кастрация ерікті түрде жасалады. «Жалпы педофилдарға ең қатаң жаза қолдану керек – бұл менің көзқарасым», - дейді психиатр-криминалсит, медицина ғылымдарының докторы Виноградов Михаил. [34]. Біз профессор Виноградовтың пікірімен келісеміз. Педофилдердің емделуден бас тартуы әбден мүмкін. Сондықтан оларды қатаң бақылауда ұстаған жөн. Әлі күнге дейін педофилдерді емдеу процесі толық пысықталмаған. Оларға арнайы «педофилге қарсы» психиатриялық және сексологиялық орталықтар желісі құрылған жоқ. Сондықтан «соттар педофилді есі кіресілі-шығасылы деп тани отырып, медициналық стационарда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауды жөн көреді». Атап айтқанда, мәжбүрлеп емдеу процедурасы жеке құжатпен реттелуі керек және таза медициналық сипатта болуы керек. Осылайша, интернетте педофилия түрінде жыныстық артықшылықтың бұзылуы бар адамдар жасаған қылмыстардың алдын алу үшін біз қажет деп санаймыз – Ресейде педофилдердің бірыңғай базасын, оның ішінде

генетикалық базаны құру; - балалар порнографиясын қамтитын сайттарды қаншалықты жиі қарайтын адамдарды есепке алу және оларды бақылауды жүзеге асыру

- қажет болған жағдайда медициналық көрсеткіштер бойынша қылмыстық әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында қаралатын адамдарды мәжбүрлеп емдеуге міндетті.

Зорлау қылмыстарын жасағаны үшін сотталған қылмыскерлердің жалпы психологиялық сипаттамасы, басқа санаттағы қылмыскерлердің түрлерінен аса қатты айырмашылығы жоқ. Сондықтан мінез-құлық ерекшеліктері, әлеуметтік-психологиялық қалыптасуы, жалпы тексерістен өткен қылмыскерлерден өзгеше емес.

Жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстарды жасаған тұлғалардың өзгешелігі, біздің оймызша, олардың қылмыстық пиғылын жүзеге асыру ерекшеліктерінде. Зорлаудың психологиялық маңызы, салыстыру анализдерінің қорытындысына сәйкес, еркектің әйелге қатысты өзінің күшін танытуында.

Жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың түбінде психоаналитикалық проблемалар жатыр. Басқа санаттағы қылмыстардың ешқайсысында, осындай ессіз ынтызарлық жоқ. Төменде көрсетілген түрлері, қылмыскердің ниетін анық көрсетеді.

Зорлау қылмыстарын жасағаны үшін сотталған тұлғалардың барлығы үш топқа бөлінеді:

1. Психосексуалды дамуы бұзылған;
2. Мінез-құлық немесе психопатологиялық ерекшеліктерінің айқын көрінуі;
3. Тұлғааралық қабылдаудың бұзылуы.

Алғашқы топтағы тұлғаларды белгілеу негізінде, әр адам өзінің психосексуалды даму кезеңдерінен өтетінін білдіреді. Егер сол даму барысының, қандай да бір кезеңінде ақаулар туындаса, мысалы жыныстық

қатынаста, онда бұл болашақта тұлғаның қоғамға қауіпті әрекеттер жасауына әкеп соғуы мүмкін. Оларды бірнеше түрлерге бөледі:

*1-ші түрі.* Қылмыскерлердің ерекшелігі, олардың бейтаныс әйелдерге қарсы зорлау немесе зорлауға оқталуында. Олар алдын-ала тиімді жағдайды күтіп, кенеттен шабуыл жасайды. Қылмыскердің әрекетін аңға шыққан аңшымен теңестіруге болады. Себебі, олар жәбірленушінің кім болатынын таңдамайды. Әйелдерге шабуыл жасау, оларды ұрып-соғумен ұштасады, кейде айтарлықтай қатыгездікпен жәбірленушінің қарсыласуын физикалық күш қолдану арқылы басады. Жасаған қылмысы үшін кінәсін мойындайды, себебі, басқа санаттағы қылмыстарға қарағанда, жәбірленушінің қарсыластық көрсетпей, өз келісімімен жыныстық қатынасқа түскеніне сілтей алмайды.

*2-ші түрі.* Мұндай қылмыскерлер жас қыздарды (6 жасқа дейінгі) зорлағаны үшін немесе кәрі жастағы әйелдерді (60 жастан асқан) зорлағаны үшін жазасын өтеп жүргендер қатарынан. Олардың қылмыстары аффектілік қозу сипатында жиі кездеседі, олар не жасағанын еске түсіре алмай жатады, немесе өз әрекеттеріне дұрыс түсінік бере алмайды. Осындай қылмыстарда қатты алкогольды немесе есірткілік масаю қосымша фактор болып кездеседі. Жасаған қылмыстары үшін кінәларын көбінесе мойындамайды, өйткені ештеңе естерінде жоқ деп сілтейді. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген басқа қылмыскерлер, жас балалар мен кәрілердің жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасағандарды жек көреді, және көп жағдайда оларды ұрып-соғып, кейде өлтіруге дейін барып жатады.

*3-ші түріне* 6-жастан 14 жасқа дейінгі жас қыздармен өзінің сексуалды қажеттілігін қанағаттандыратын қылмыскерлерді жатқызуға болады. Олардың көбісі бұрын азғындық әрекеттері үшін сотталған, іс бойынша бірнеше эпизодтар болуы мүмкін. Бұл қылмыскерлер, жәбірленушіге қарсы күш қолдану әрекеттерін жасамайды, керісінше алдау арқылы әрекет етеді. Кейбір

жағдайларда, жас қыздарға қарсы қылмыстардың түпкі себебі, бозбала кезіндегі қарама-қарсы жыныстағы тұлғамен тіл табыса алмауынан болуы мүмкін.

Қылмыс жасаған тұлғаның жеке басы кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарды тергеу барысында назар аударатын адам. Қылмыскердің жеке қасиеттері көп жағдайда, оның мінез-құлқы, қылмыс жасаған және қалдырған іздеріне байланысты анықталады. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың алдын-алу, қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеуге әкеп соғады [35]. Көптеген ғылыми жұмыстарда, қылмыскердің жеке тұлғасы – қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының құрылымдық элементтері ретінде қарастырылады [36].

«Қылмыскердің жеке тұлғасы» мен «қылмыс жасаған тұлға» атты екі ұғым кең таралған терминдер [37]. Криминалистикада «қылмыскердің жеке тұлғасы» туралы түсінік адамның биологиялық (антропологиялық, анатомиялық, биохимиялық, құрылымдық), әлеуметтік (жалпы азаматтық, отбасылық-тұрмыстық, кәсіби, қоғамға қарсы) және психикалық (психологиялық, психопатологиялық) қасиеттерінің бір жүйесі ретінде қалыптасқан. Бұлар жайлы ақпарат, қылмысты тергеп-тексеруде елеулі әсер етуі мүмкін [38].

Дегенмен де, қылмыскердің жеке басының сипаттамасы адамның биологиялық, әлеуметтік және психикалық қасиеттерімен ғана шектелмейді, сонымен қатар бірқатар басқа компоненттерді де қамтиды. И.Веренич, А.М.Кустов, В.М. Прошин қылмыс жасалу механизмін анықтау кезінде, қылмыскердің жеке тұлғасының қасиеттері криминалистика үшін қызығушылық тудыратынын, басқа адамдармен әрекеттесітігін анықтайды. Авторлардың пікірінше, тұлғаның мұндай қасиеттері келесідей белгілерінде: тұрысы, жүрісі, мимикасы, қозғалысы, ым-ишара, білімі, дағдылары, әдеттері, көзқарастары, темпераменті және субъектінің басқа қасиеттерін жатқызуға болады [39].

И.В. Тазинның пікірне сүйенетін болсақ, қылмыскердің жеке тұлғасын сипаттауда оның жұмыста, отбасында, басқа ортада өзара әрекеттесуі процесінде адамдармен қарым-қатынасты құру дағдыларын анықтау маңызды. [40].

Ахмедшин Р.Л. қылмыскердің жеке басына талдау жүргізген кезде, оның қызығушылықтары мен сыртқы ортамен қалай араласатынына назар аударады. Сонымен қатар, қылмыскердің жеке басының криминалистік жолмен анықталған қасиеттері, қылмысты тергеу барысында толығымен ашылатын маңызды ақпарат [41].

Осыған байланысты, Н.П. Яблоковтың пікірін келтірген орынды, ол «қылмыс жасау тәсілі, тетігі және жағдайы туралы деректермен салыстырылған қылмыскердің жеке басы туралы ақпарат қылмыскерді іздеу, ұстау және кейіннен әшкерелеу бағыттары мен тәсілдерін дұрыс анықтауға мүмкіндік беретін жаңа тәуелсіз ақпарат жасайды», - деп көрсеткен [42].

Е.П. Ищенконың, қылмыстарды әшкерелеу мен тергеуде, адамның жеке қасиеттерінің маңыздылығын былайша сипаттаған: «дәлелдеу процесінің элементі – тергеуші мен анықтаушының алдында тұрған күрделі міндеттердің бірі, және оны қысқа мерзімде шешу қажет» [43]. Жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасағандардың жеке басын сипаттайтын криминалистік маңызы бар белгілері ретінде келесіні қарастырған жөн:

1. Әлеуметтік - демографиялық;
2. Психикалық;
3. жәбірленуші мен қылмыскердің арасында орын алған жыныстық қатынас;
4. Жеке басындағы соттылығы туралы мәліметтер.

Ескере кететін жайттардың бірі, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды жасау, көп жағдайларда ер адамға тән. Алайда бұл қылымыстардың субъектісі ретінде

еркек те, әйел де бола алады. Жас балаларға қатысты жыныстық қылмыстардың сот-тергеу тәжірибесіне назар аударған кезде, басым көпшілігі 97% ер азаматтармен жасалғаны анықталды. Кейбір ғалымдадың пікірі бойынша, ерлер мен әйелдердің жыныстық ауытқушылықтары, психоэмоционалды стрессті бәсеңдету мақсатыда қолайлы тәсіл ретінде қарастырылады екен[44].

Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасаған тұлғалардың мінез-құлқына әсер еткен белгілердің бірі – ол жас мөлшері. Адамның жасы ұлғайған сайын, оның мүмкіндіктері мен жағдайы, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, көзқарастары, тілектері де өзгереді. Соның нәтижесінде адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық өзгерістерден басқа, адамның өзі күрт өзгеріске ұшырайды. Аталған қылмыстарды жасау, көп жағдайда ересек жастағы адамдарға тән 34 % (35-45 жасқа дейін). Ал 18 жастан 25 жасқа дейінгі адамдар арасында қылмыстық белсенділігі төмендей 23%. Ары қарай егде жастағы адамдардың (55 және одан жоғары жастағылар) жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыс жасауы жиі кездеседі – 20 %. Одан кейін 25-35 жас аралығындағы қылмыскерлердің жас тобы – 12%. Басқа жас топтарымен салыстырғанда 16-18 жастағылар (7%) және 45-55 (4%) жастағы адамдардың балаларына қарсы жыныстық қылмыс жасау ықтималдығы өте аз. Осыған орай, жалпы қорытындылай келе, жыныстық бостандыққа қарсы қылмыстар, көбінесе ер адамдармен жасалатынын аңғардық.

Өзекті болып отырған педофилияның ресми сипаттамасы аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелмесінде берілген. Педофилия – адамның жыныстық қалауы бұзылғанының белгісі (кәмелетке тлмаған ұлдарға, қыздарға, немесе екеіне де) жыныстық құмарлық болып табылады. Психиатрияда педофилияның бірнеше түрлері бар екен. Біріншісі – 14-16 жасқа толмаған ұлдарға деген қызығушылық құмсарлықта - педофилия. Екіншісі – 14-16 жасқа толған жас балалар, ер балаларға деген құмарлық – эфебофилия. Үшіншісі – 14-16 жасқа толмаған

қыздарға деген сүйіспеншілік – корефелия. Және соңғы түрі – партенофилия, яғни 14-16 жастан асқан қыздарға деген құмарлық[45].

Педофилияның аясында ғалымдар келесі психопатологиялық нұсқаулардың ара-жігін анықтайды:

1. обсессивті;
2. компульсивті;
3. импульсивті;
4. жалған рационалистік[46].

Т. Е. Макарова мен Н. В. Дворянчиков жүргізген зерттеу нәтижелеріне сай, педофилия диагнозымен де, жыныстық құмарлықтың бұзылуынсыз да сарапшыларға келесі ерекшеліктер тән екендігі анықталды: біріншіден, ішкі «мен» бейнесінің тұрақсыздығына байланысты, жыныстық-рөлдік жанжалдың болуы; екіншіден, ерлердің жыныстық рөлінің бұрмалануы, олардың мінез-құлқын реттеуде ерлер тобын бағалауға бағдарланудың болмауы; үшіншіден, бақылау тобымен салыстырғанда ерлерге, әйелдерге, үлкен және кіші жасөспірімдерге, қыздарға да, ұлдарға да қатысты олардың қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың төмен бағасы; төртіншіден, жыныстық және жас ерекшеліктері бойынша жыныстық рөлдік бейнелердің бөлінбеуі.

Жоғарыда аталған авторлар сонымен қатар педофилия диагнозы қойылған адамдарға келесі ерекшеліктер тән екенін айтады:

1. өзінің жыныстық-жас мәртебесін бара-бар айқындамау;
2. бейнелердің жыныстық-жастық реттілігінің дұрыс құрылмауы;
3. тартымды жас ерекшеліктерін таңдау кезіндегі регрессивті үрдіс («жастық», «оқушы»);

4. адамның қазіргі бейнесіне теріс эмоционалды көзқарасы [47]. Балаларға қарсы жыныстық қылмыс жасаған адамдар белгілі бір бұрмаланған көзқарастарға ие, олар заңсыз әрекеттерді жасау туралы шешім қабылдаған кезде өзіндік қателескен себептеріне сүйенеді және оларды кейіннен ақтайды, осылайша жауапкершіліктен бас тартады. Олар келесідей бөлінеді:

1. Баланың өзі жыныстық қатынасқа түсуге ұсыныс жасады;
2. Жыныстық қатынасқа түсу, балаға болашақта пайдалы болып қалуы мүмкін;
3. Жыныстық қатынас арқылы балаға сүйіспеншілік пен махабатты білдіру;
4. Жыныстық қылмыс жасаған адамның қажеттіліктері басымдыққа ие болғандықтан, оның орындалуы тиіс.

Тағы бір, назар аударатын жайт, жас балаларға қарсы жыныстық қылмыстарды көбінесе, оларға сол баланы тәрбиелеуге немесе қорғауға міндетті адамдармен жасалады. Ерекше «қауіпті аймақта», яғни толық емес отбасыларда тәрбиеленетін балалар бар. Қайталап айтсақ, қылмыскерлердің көпшілігі, баланың анасымен некеге тіркелмеген бөгде адамдар құрайды (31%). Асырап алушы ата-аналар 18% құрады. Жәбірленушімен туыстық қатынастарда тұратын қылмыскерлер саны 7 % құрады. 9% - ы әр түрлі кәсіби деңгейдегі педагогикалық қызметті атқарушылар қатарынан болады. Және де жиі кездесетін жағдайлар, ол жәбірленушінің ата-анасының жолдастары немесе көршілермен, таныстармен жасалады - 11%. Ал 24% қылмыскерлер, жәбірленушіге бейтаныс болып келеді.

Қылмыскер тұлғасының ең маңызды сипаттамаларының бірі, оның девиантты мінез-құлқы. Сонымен қатар, бұрын-соңды жыныстық қылмыстар үшін сотталған тұлғалардың, рецидив қайталайтыны анықталған. Жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды тергеу кезінде, қылмыскердің жеке басы туралы ақпаратты жүйелеу мен талдау, істің ашылуына әсерін тигізеді. Қылмыскердің жеке тұлғасына жан-жақты мән беріп, психологиялық портретін сызып, жан-жақты, кіммен араласатынын, яғни ортасы кім, қызығушылықтары қандай, қаншалықты әлеуметтік желіде отырады, қандай сайттарға кіреді, кәмелетке толмағандардың қатысуымен порнографиялық бейнежазбалар мен суреттер қараған ба, таратқан ба, сақтаған ба, сатқан ба, бәрін-бәрін анықтау міндетті. Өйткені, бұл тек қана бір баппен жауаптылыққа тарту емес, толығымен әрбір қылымыстық әрекеті үшін жауапқа тартылуын көздейді. Бұдан басқа, бас



бостандығынан айыру орындарында, аталған қылмыс үшін жазасын өтеп жүргендермен тиісті психологиялық жұмыс жүргізу керек, психологиялық көмек көрсету қажет. Себебі, ол бостандыққа оралған кезде, қайтадан рецидив жасауын болдырмау мақсатында.

### 1.3. Жәбірленушінің жеке тұлғасының жалпы сипаттамасы (Виктимология)

Виктимология дегеніміз латын тілінен аударған жәбір көрген, құрбан тұлға, ал виктимология жәбірленушіні зерттеумен айналысатын ілім дегенді білдіреді. Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстар бойынша, жәбірленушінің жан дүниесін түсіну, одан нақты, егжей-тегжейлі жауап алу, жәбірленушінің психологиялық портретін сызу да, тергеушінің, анықтаушының, жедел-ізвестірушілердің бірден-бір міндеті. Және бұл өте оңай шаруа емес. Егер де, жалпы әйелдердің жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы зорлау жасалған болса, міндетті түрде, жәбірленушінің іс-әрекеті мен оның қылмыскердің қолына қалай тап болғанын алдын-ала анықтап алу қажет. Тәжірибеде көбінесе, әйелдер, өз еріктерімен ер азаматтармен кездеседі, түнгі ойын-сауық орындарына бірге барады, ішімдік ішеді, кейін қонақ үйге немесе жалға алынған пәтерге бірге барады. Сөз арасында келіспеушілік туындап, жыныстық қатынастан бас тартады немесе жыныстық қатынасқа түсу процесі басталғаннан кейін, айнып қалып, өздеріне қарсы зорлау әрекеті жасалғаны жайлы ішкі істер органдарына жүгінетін де азаматшалар бар. Әрине, барлығы емес, алайда, өте жиі кездеседі осындай жағдайлар. Бұған қатысты айтарымыз, жәбірленушінің өз тарапынан жеңіл-желпі жүруі, ашық киім киюі, моральға жат әрекеттер жасауы, жәбірленушінің өзіне қатысты қылмыс жасалғанына әкеп соғуына жауапты деп санауға тура келеді. Сонымен қатар, тәжірибеде, Қылмыстық кодекстің 53 бабында көзделген қылмыстық жауаптылық пен

жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы келтірілген. Бірақ та, бұл норма кеңінен қолданысқа ие емес. Біздің ойымызша, нақты осындай жәбірленушілер болған жағдайда, 53 баптың нормасын қолданған жөн.

Бірақ, кәмелетке толмағандар мен жас балаларға келетін болсақ, олар өздерінің жас шамасының жетпеуі мен физиологиялық дамуының әлі толыққанды жетілмегенін ескере отырып, жәбірленуші тарапына түсуі, тікелей қылмыскердің арам пиғылына байланысты. Сонымен қатар, ата-аналардың немқұрайлығы да кездеседі.

Виктимология жайлы зерттеу жүргізу мақсатында, біз эмпирикалық әдістерді қолдана отырып, Қазақстан Республикасының алғашқы тектанушысы (родолог-консультант) Сагимбаева Алия Нурпаевнадан сұхбат (интервью) алдық. Оның айтуынша, виктимология 1947 жылдан бастап дамып келе жатқан ілім. Виктимді мінез-құлық, яғни жәбірленушіге тән мінез-құлық адамға жастайынан сіңеді. Себебі, ол ата-анасынан балаға қаны арқылы берілетін мінез-құлық ерекшелігі. Егер бала қандай да бір жыныстық немесе өзге де физикалық, психикалық зорлық-зомбылыққа тап болса, демек, оның ата-анасында да, жәбірленуші қасиеті басым. Сондықтан аналар өз балаларын қорғай алмайды.

Тағы бір, қызығушылық тудыратын жайт, егер де анасы баласын қорғай алмаса, демек жастайында ол өзі зорлық-зомбылықтың құрбаны болғанның белгісі, оның әжесі де құрбан болғанды білдіреді. Бұл жылдар бойы атадан балаға берілетін мінез-құлық қасиеттерінің бірі.

Егер алдағы тарауларда атап өтілген, жалғызбасты аналардың жас балалары бола тұра, басқа адаммен некесіз бірге тұратын жағдайларды мысал ретінде қарастыратын болсақ, тектанушының айтқаны дәлелін табады. Аналар өз балаларын қорғай алмайды, керісінше, агрессор болған тұлғаны толығымен қамтамасыз етіп, өзі бірнеше жұмысқа орналасып, отбасының жүгін жалғыз

арқалап, үйдегі балаларының жағдайы қалай, сабағы қалай екенін де қарауға шамалары келмей жатады. Және қауіптісі, қылмыстық пиғылы бар адаммен баласын жалғыз тастап кетеді.

Осы мәселені тереңнен қарстырастырсақ, қылмыскер, ең алдымен жас баланың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыс жасаудан бұрын, оның анасын кездестірген сәтте, жан дүниесінің құрбан екенін іштей сезеді, бірақ түсінбеуі де мүмкін. Содан соң ол әйелді үнемі ренжітіп, қысымдық көрсетуге кіріседі. Ал әйел болса, құрбан жағдайында, агрессорға қарай тартылады. Керісінше, одан қашудың орнына, агрессорды өз отбасына, балаларына жақындатады. Бұл психологиялық мінез-құлықтың бір ерекшелігі ретінде қабылдауға болады. Осы құрбан жайлы ерлі-зайыпты Джоэл және Чемпион Тойчтердің еңбегінде терең қарастырылған. Біздің назар аударғанымыз, анасының баласына деген немқұрайлы қарым-қатынасы.

Қазіргі таңда, Алия Нурпаевна өз тарапынан басқа тектанушылармен бірігіп, бірнеше қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға көмек көрсетуде. Қоғамдық ұйымдардың ішінде «Өмірге сен», «Бақытты шақ», «Мама Про» атап өтті. Мүгедек балалары бар отбасыларға психологиялық көмек көрсетіліп жатыр. Алайда, жыныстық зорлық-зомбылыққа душар болған жас балалар мен кәмелетке толмағандармен емес, нақты олардың ата-аналарына көмек көрсетіледі. Жас балаларға психологтың көмегіне жүгінуге ұсыныс беріледі. Тектанушының айтуынша, ата-аналарға көмек көрсетілген жағдайда, олар ұсынылған тапсырмаларды орындаған жағдайда, баланы болашақта қайтадан құрбан болудан сақтап қалуға мүмкіндік болады. Көмек тегін беріледі.

Дегенмен, мүгедек балалары бар аналармен тегін сұхбат жүргізу барысында, олардың баласына және өздеріне беріліп жатқан көмектен бас тартқандары бар. Бұл дегеніміз аналардың баласының емделуіне қызығушылықтары жоқ екенін дәлелдейді. А.Н. Сагимбаевнаның адамдарға көмек көрсетуі барысындағы ерекшелігі, міндетті түрде адамның ата-тегіне

зерттеу жүргізіледі. Оның курсынан өтіп, емделген азаматтардың саны артып келеді. Біз, қылмыс құрбаны болған әрбір кәмелетке толмағанның ата-аналарына А.Н. Сагимбаеваның көмегіне жүгінуі қажет деген тұжырымға келдік. Ұлт ретінде өз мемлекетіміздің сақталып қалуын басты мақсат етіп қарастыратын болсақ, балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығын алдын-алып, қолымыздан келгенше балалық шақ пен жастық шақты қорғауға алуымыз қажет. Бүгінгі балалар – ертеңгі Қазақстанның болашағы. Жарқын болашақты аңсап, еліміздің тұтастығын сақтап қалу үшін, қазірден бастап бала құқығын толыққанды қорғап, жан-жақты көмек көрсетуіміз қажет.

Ресей Федерациясының көрнекті ғалымдары Антонян Ю.М., Дьяченко А.П., Коновалов В.П., Франк Л.В. және т.б., құрбан болушылықты зерттеуге белсенділік танытып ат салысқан. Лев Вольфович Франк, 1972 жылы «Виктимология және құрбан болушылық» атты ғылыми монографиялық жұмысын жариялады. Л.В. Франктің ойынша, адамның қылмыстық әрекетке бейімділігі секілді, құрбан болушылыққа бейім жақтары да болады. Оның белгілері: қауіпті, аңғырт, ұяттан безген, арандататын болуы мүмкін. Қазіргі уақытта виктимология осындай бағыттарда жүзеге асады:

1. Әлеуметтік ортада құрбан болушылық көрінісін суреттейтін жалпы фундаменталды теория. Бұған қоса, виктимология теориясы екі бағытта жүреді: біріншісі – құрбан болушылықтың пайда болуы мен әлеуметтік ортада өзгеріске ұшырап дамуын көрсетсе, екіншісі – адамның мінез-құлқының ауытқушылығының өзгерісін көрсетеді.

2. Орташа жеке тұлғаға тән виктимологиялық теориялар.

3. Қолданыстағы виктимология – виктимологиялық талдау жүргізу (эмпирикалық талдау өткізу, жәбірленушімен қылмыстың алдын-алудың арнайы техникаларын орындау, әлеуметтік қолдау технологиясын қайта қалпына келтіру және т.б.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері, жәбірленуші портретін түсінген болса, яғни, құрбан болушылыққа бейім тұлғаның қасиеттерін алыстан байқайтын дәрежеге дейін біліп алса, қылмыстарды анықтауда, өте пайдалы.

Қоғамды феминизациялаудың қазіргі жағдайында әйелдердің жыныстық бостандығы мен қолсұғылмаушылығын қорғауды және оларды зорлық-зомбылықтан да, зорлық-зомбылықсыз қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Осы мәселе шетелде бұрыннан талқыланып келеді, бірақ біздің елде ұзақ уақыт проблема болғанымен, жабық күйінде қала берді[48]. Сол себепті бұл сұрақ тек шетелдік ғалымдарды ғана емес, отандық ғалымдарға да қызығушылық тудырды. Әлемде әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, мәжбүрлі неке құру, адам саудасы атты қылмыстар дамып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сай, әлемнің 35% әйелдері өмірінде зорлық-зомбылыққа душар болған.

Айта кететін жайт, зорлық көрген әйелдер өздеріне қарсы жасалған қылмыс жайлы ресми түрде құқық қорғау органдары мен медициналық ұйымдарға жүгінбейді. Ресейдегі қызмет ететін әйелдер үшін дағдарыс орталықтарында жыл сайын зорлық-зомбылыққа ұшыраған 60 мыңға жуық әйел мен 10 мыңнан астам қыз көмек алады [49]. Статистика бойынша, біздің елімізде әйелдер зорлық-зомбылық қылмыстарының құрбаны болған жүз адамға қарағанда орта есеппен 1,5 есе аз болса да, олардың жыныстық қылмыстар құрбандары арасындағы үлесі 90% - дан асады. Және бұл мұндай шабуылдардың жасырын бөлігін ескерусіз. Өмір мен денсаулыққа, сондай-ақ әйелдердің дене тұтастығына қарсы қылмыстар ең жоғары сандық көрсеткіштермен анықталады. Әйелдер көбінесе құрбан болатын зорлық-зомбылықтың екінші тобына жыныстық құқық бұзушылық жатады, олардың саны бүгінде қауіпті деңгейге жетті. Сонымен, ДДСҰ мәліметтері бойынша, әлемде әрбір бесінші қыз жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды; әрбір үшінші әйел өз өміріндегі белгілі бір уақытта өзінің жақын серіктесінен

жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болады [50]. Жыныстық қылмыс биологиялық факторлармен емес, әлеуметтік факторлармен анықталады, оның ішінде жеке тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру шарттары, сондай-ақ жыныстық қылмыс құрбандарының жеке сипаттамалары мен мінез-құлқы, олардың құрбан болу дәрежесі кез-келген басқа қылмыстық сұраулардың құрбандарының құрбан болу деңгейінен едәуір асады. Сонымен қатар, бірнеше факторлар жыныстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдердің құрбан болу мінез-құлқының сипатына әсер етеді. Бұл белгілі бір ситуациялық өмір сүру жағдайлары (отбасындағы проблемалар, қадағалаусыздық, қауіпті орта және т.б.) және олардың жеке қасиеттері мен мінез-құлқы [51]. Бұл адамның бұрыннан бар жағдайларды болдырмауға, сондай-ақ жаңа жағдайларды жасамауға қабілеттілігін анықтайды; оларды дұрыс бағалау және адекватты жауап беру; шабуылшыға тиісті қарсылық көрсету; Қылмыстық ауыртпалықты батыл түрде тоқтату және т. б. [4, 252 б.]

#### Жәбірленуші тұлғасының ерекшеліктері

Жәбірленуші, құрбан болушы – қылмыстың салдарынан моральдық және материалдық зиян шеккен адамды танылады. Ол қылмыстық істе дара элемент болып табылмайды. Сонымен қатар, жәбірленушінің психикалық күйі, жүріс-тұрысы кінәлауға бейім тұрады. Бұл жағымсыз эмоциялар мен келтірілген залалдың салдарынан болуы мүмкін.

Жәбірленушінің жауап беру кезіндегі жағдайы эмоцияларға, бағалаушы ой-пікірге толы болады, сондықтан бүкіл ақпараттан шындыққа лайықты мәліметтерді іріктеп алу өте қиын болады. Бұл ақпаратты жинаудың өзі де оңай емес, өйткені жәбірленуші әртүрлі әрекетке (немқұрайлық, қарсыластық) баруы мүмкін.

Жәбірленушімен қарым - қатынас құрастырғанда оның қылмысқа ұшырау себебінен пайда болған негативті эмоциялық күйін ескеру қажет. Стресс, аффект, фрустрация сияқты күйзелістік жағдайлардың бейнелеу-реттесу саласы өзгеріп, бейімделу қабілеттер жоғалап, танымдық әрекет бұзылуына алып

келеді. Қозу кеңейіп, сигналды жүйелер арасындағы арақатынас бұзылады. Оқиғаның зақымдаушы әсері уақытты қабылдаудың, уақыт интервалдарын орынды сезбейтіндігін себептейді. Жәбірленушінің психикалық күйі өзгеруіш болатынын ұмытпаған жөн. Оқиғаны қайта қарастырған кезде, оны қайта есіне түсіріп, болған жайтты қайтадан бастан кешкендей сезім, көңіл-күйіне кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Нәтижесінде тұрақты негативті эмоциялық кешен пайда болады. Ұялу, қорғану, кемсіну, кек алу, агрессия, күдіктілік, қорқыныш т.б. жағымсыз сезімдер туады. Бұл жағдайда психикалық қорғыныс механизмдері белсене түседі. Тежелу пайда болып, таралып, нәтижесінде ақпараты қорыту мен жеткізу қабілеті жоғалады. Жәбірленуші тұлғасы мен мінезін виктимология зерттейді.

Кәмелетке толмағандардың жас ерекшелігі мен психо-физиологиялық жағдайының, ересек адамға қарағанда төмен екенін ескеріп, оның қылмыскерге қарсы тұруы қиындыққа соғатынын атап өткен жөн. Шынында да, кез-келген бала жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны бола алады, бірақ қыздар ұлдарға қарағанда үш есе жиі құрбан болады. Кейбір мәліметтерге сәйкес, қыздардың 86%-ы жыныстық өмірін жыныстық зорлық-зомбылықтан бастайды, ал олардың үштен бірі ересектердің тікелей басшылығымен, соның ішінде олардың тәрбиесіне тікелей жауапты адамдардан басталады. Одан да жасырын, сондықтан қауіпті емес, жыныстық зорлық — зомбылықтың тағы бір түрі-жыныстық қудалау болды. Жоғарыда айтылғандай, әйелдердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау мәселесіне криминологиялық және басқа зерттеулерде назар аударылмайды. Бұл мәселе бойынша сенімді статистикалық ақпараттар да жоқ.

Жәбірленушіге психикалық әсер ету тәсілдері ретінде заң шығарушы бопсалау, мүлікті жою, бүлдіру немесе алып қою қаупін не жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалануды көрсетеді. Психикалық әсерді қолдана отырып, жыныстық бағыттағы қылмыстардың үлес салмағының соншалықты маңызды емес екендігі жоғарыда аталған әдістерді қылмыстың

объективті жағының белгілері ретінде дәлелдеудегі қиындықтарға байланысты деп болжауға болады. Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыс нәтижесінде олардың денсаулығы мен психикасына ауыр зардаптар тиетіні сөзсіз. Мұндай қылмыстардың әлеуметтік қауіптілігі ауыр, себебі бұл әрекет барысында қылмыстық-құқықтық қорғаудың қосымша объектісі – жеке адамның денсаулығына теріс әсер етеді. Қылмыстық кодекстің арнайы бөлімі 1-тарауы баптарының санкцияларын салыстырмалы талдау нәтижелері кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан, жыныстық қол сұғушылықтың ең қауіпті түрі ретінде мемлекеттік қорғаудың жоғарылағанын көрсетеді. Тәжірибе қылмыстың осы түрін жасаудың күрделі әдістерінің мысалдарымен толықтырылған.



## 2 ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН-АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 2.1. Қылмысты алдын-алудың жалпы іс-шаралары

Қазақстан Республикасының аумағында қалыптасқан жағдайда, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алуға, оларды қорғауға бағытталған іс-шаралар басты мәселелердің бірі. Осындай жағдайдағы қылмыстардың жойылуына бағытталған алдын-алу шараларының өзектілігі тек өсіп келеді. Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алу мәселесін қарастырғанда, келесідей жүйелі жалпыәлеуметтік алдын-алу шаралары білінеді: зерттеліп отырған қылмыстардың жасалуына себеп болатын детерминацияны жою бойынша іс-шаралар; құқыққорғау органдары қызметкерлерінің барлық саласында балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы алдын алу іс-шараларының тиімділігін арттыру. Басқа сөзбен айтқанда, кешенді мақсатты бағдарламаны өңдеп енгізу қажет.

Жұмыссыздықты жоюға бағытталған, агроөндірістік ұйымдарды дамытуға, жетілдірілген кешенді іс-шараларды құрастыру қажеттілігі туындап отыр. Нәтижесінде, жаңа жұмыс орындары пайда болатын еді. Алғашқыда бір түрлі естілгенімен, жұмыс мәселесінің шешілуі, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алуға тікелей қатысты. Себебі, бұл ата-аналардың еңбектеніп, отбасының материалдық жағдайын жақсартады, сонымен қатар, ертеңгі күннің амандығына іштей сенім ұялатады, балаларға қорғаныс береді. Отбасы – баланың моральдық тұрғыда тұрақты болуының, физикалық және психикалық денсаулығының, рухани дамуының алғашқы себепшісі. Балалар әрдайым ата-аналардың қарауында болады, өйткені отбасының материалды жағдайы, балаларға түрлі секцияларға, дамытушы орталықтарға баруға мүмкіндік береді.

Қылмыскердің жеке тұлғасына зерттеу кезінде, субъектінің қандай да бір психикалық ауытқулары болатынына көз жеткіздік. Зерттеліп отырған санаттағы қылмыстардың алдын-алуға бағытталған жалпы әлеуметтік шаралар, емдеу-профилактика ұйымдарындағы сексопатолог дәрігерлермен жүргізілуі тиіс, және де олардың кеңестері мен көмектері халыққа қолжетімді болу қажет. Жоғарыда көрсетілген мамандар, тек қана медициналық ұйымдарда ғана қабылдамай, педофилдық ауытқулары бар тұлғаларға уақытылы көмек көрсету керек. Осыған орай, педофилдық ауытқулары бар тұлғаларды анықтау үшін арнайы сот сексология саласындағы арнайы білімі бар адамдардың көмегіне жүгіну керек. Сондықтан осы саладағы мамандар мен сарапшыларды, алдын-алудың арнайы субъектілері деп тануға да болады.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін, рухани, соның ішінде жыныстық тәрбие беру өте маңызды. Адамгершілік тұрғысынан тәрбие, әрбір жастардың сексуалды ортада өздерін сыйлы, теңқұқықты тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік беруі тиіс. Мұндай тәрбиенің маңызы өте зор, себебі, кейінгі кездері жастар арасында кейбір ер азаматтар мен әйелдер өздерін нашар етіп көрсетеді. Бұл сұраққа кейінгі кездері білім беру ұйымдары мен денсаулық сақтау органдары тарапынан тиісінше көңіл бөлінбей жүр.

Әрбір мектепке дейінгі немесе оқу орындарындағы мекемелерде психолог маманының болуы қажет, ол тұлғаның дамуының ерте кезеңінде баланың психикалық, сексуалды, ауытқулары бар-жоғын анықтап, оған дер кезінде көмек көрсете алатыны мәлім. Мектепке дейінгі және оқу орындарында өсіп келе жатқан ұрпаққа дұрыс жыныстық тәрбиені, адамгершілік пен этикалық негіздерді үйрететін тәрбиешілер мен педагогтарға арнайы әдістемелер мен бағдарламалар ойлап табу керек.

Әрине, тәрбиелік жұмысты жақсарту, экономикалық қамтамасыз ету мен материалды шығындарды талап етеді. Алайда, тек қана әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын-алуда жеткіліксіз.

Атап айтылғандай, бұқаралық ақпарат құралдарында жыныстық зорлық-зомбылық қылмыстарын алдын-алуға көп көңіл бөлінбейді. Журналистер мен БАҚ қызметкерлері теледидар арқылы, халыққа қауіптілікті хабарлау қажет. Адамдар жыныстық зорлық-зомбылықтың қаншалықты қауіпті, және кездейсоқ болуын түсіну керек. Кішкентай ұлдар мен қыздарға, жеткіншектерге ерекше қызығушылық танытатын тұлғаларға, сонымен қатар, жәбірленушілердің арыз шағымы түспегендіктен қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған тұлғаларға назар аудару керек. Психикалық ауытқулары бар тұлғаларды бөлек топқа белгілеу қажет. Олардың мінез-құлқын, сексуалды бұзушылықтарының бар-жоғын, және оларға не үшін психиатрдың көмегі қажет екенін білу керек.

Әлемді дүр сілкіндірген COVID-19 пандемия кезеңінде, барлық адамдар үйде оқшауланып отырғаны бәрімізге мәлім. Сол кезде көптеген әйелдер мен балалар отбасы мүшелері тарапынан зорлық-зомбылыққа душар болған. Осыған орай, Канадалық әйелдер қоры 14 сәуір 2020 жылы отбасында зорлыққа тап болғандарды анықтап, оларға көмек көрсету мақсатында арнайы халықаралық көмекке жүгіну дабылын ойлап құрастырған. Бұл дабыл (сигнал) қолдың төрт саусағын қалыпты жағдайда ұстап, бас саусақты ішке бүгіп, содан соң қалған төрт саусақты да бүгу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бұл әрекет бірізділік принципін сақтауды талап етеді. Тек қана бас саусақты бүгіп, біраз уақыттан кейін қолды жұмылдырыққа жинау бұрыс болып саналады. Зорлық-зомбылыққа тап болған адамдар басқалармен видео арқылы сөйлесу барысында немесе көшеде зорлық жасайтын тұлғалардың жанында болса, айналадағыларға арнайы сигналды көрсету арқылы өмірі мен денсаулығын сақтап қалуы ықтимал. Аталған сигнал, қазіргі уақытта әлемде кең таралуда, және көптеген балалар мен әйелдердің өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға септігін тигізді.

Сондықтан, бұл сигналды біздің елімізде бұқаралық ақпарат көздері арқылы, мектептерде, ұйымдарда, әлеуметтік желі арқылы тарату, оны әрбір жас балалар мен кәмелетке толмағандар білуді қадағалау қажет. Азаматтар осы

сигналды көрсетіп, көмек сұраған адамдарды кездестірген болса, дереу құқық қорғау органдарына хабарлау қажет. Бұл құқықбұзушылықтарды тіркеу кітапшасына енгізіліп, құқық қорғау қызметкерлері тарапынан тиісті шараларды қолдануды талап етеді.

Негізінде, психикалық ауру адамдардың қоғамға қауіпті сексуалды қолсұғушылықтары өзекті мәселе болып табылады, және де есі дұрыс адамдардың тұлғасын зерттеумен айналысатын криминологияның қалыпты шегінен тыс болады. Алайда, аталған проблеманы тек медицина қызметшілері мен қылмыстық құқық саласындағы мамандардың күшімен шешу мүмкін емес. Профилактикалық шараларды құрастыруда ауқымды тәжірибесі бар криминологияның «араласуынсыз» болмайды. Айта кететін жайт, психикалық ауытқулары бар және психикалық ауру тұлғалармен жасалған көптеген сексуалды құқықбұзушылықтар, аса қатыгездікпен, ауыр зардаптармен ерекшеленеді.

Танымал сексопатологтар В.М. Маслов, И.Л. Ботнева, Г.С. Васильченко, сексуалды мінез-құлықтың бұзылуының алдын-алуда екі аспектіні ажыратады – медициналық және әлеуметтік.

Медициналық аспекті – психикалық ауытқуларды дер кезінде емдеу мен тексеруді қамтиды.

Жалпы алдын-алуда әлеуметтік аспект келесіні қамтиды:

1) Балаларға жыныстық айырмашылықты тану бағытталған дұрыс тәрбие беру, керісінше сексуалды сұрақтар туындаған кезде ұрыспау. Көп жағдайда, мектеп алды даярлау мекемелерінде негізінде топтық ойындар балалардың жынысын ескерусіз өткізіледі. Мектептерде кейде ұлдарда қызтекелік қасиеттер, қыздарда еркешора қасиеттерді кездестіруге болады.

1) Қатарластарымен тіл табысуға үйрету (оның ішінде гетеросексуалды). Жыл сайын оқыту күрделеніп, адамдар арасындағы қатынастардың жаңа жақтарын қамту қажет, және де қарама-қарсы жынысты тұлғаларға деген махаббат пен сыйластық сезімдерін ұялату керек.

2) жас балалар мен кәмелетке толмағандарды азғындату әрекеттерінің алдын-алу (порнографиялық әдебиеттер мен видеоқұралдарға қолжетімділікті тыю өте маңызды).

Сексопатологиялық ерекшеліктері бар тұлғалардың сексуалды мінез-құлқындағы бұзушылықтардың алдын-алу мәселесін қарау кезінде, оның микроәлеуметтік ортасына, ең алдымен отбасына назар аударған жөн. Отбасындағы қолайсыз жағдай, келешекте жыныстық ауытқулардың дамуына алып келуі мүмкін. Жоғары адамгершілік қасиеттерін үйретуді қамтитын тиімді әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар, сексуалды жағынан дұрыс мінез-құлықтың алғышарттары болып табылады, соның ішінде, сексуалды және психикалық патологиясы бар тұлғаларда.

Қазіргі уақытта көптеген практикалық қызметкерлер қылмыстың алдын-алудың рөлін бағаламайды. Әрине, алдын-алу бірден көрінетін нәтиже бермейді. Профилактикалық іс-шаралар кейінге қалдырылған әсері бар қылмысқа оң әсер етеді. Алайда алдын-алу шараларының маңыздылығын төмендетуге болмайды. Бүкіл қылмысқа қарсы күрес процесі қажет қылмыстың алдын алатын іс-шараларға басымдық беріңіз. Өйткені, қылмыстың алдын алу оның салдарымен күресуден гөрі оңай. Жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын алудың негізгі элементі кәмелетке толмағандардың жыныстық еркіндігі - ерте алдын-алу.

Ерте алдын алу шаралары іс жүзінде қарсы күрес шараларына қолданылмайды бірақ оларды жүзеге асыру азаматтың жеке басын дұрыс қалыптастыруға көмектеседі, олардың мемлекеттің қамтамасыз етудегі рөлін түсінуі және қоғамдағы қалыпты өмір, оның ішінде қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау. Ерте алдын алу шаралары келесі жатады: 000т0б0а0с0ы0 0и0н0с0титутын қорғауды қамтамасыз ету, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсету, медициналық-санитариялық бақылауды қамтамасыз ету, өскелең ұрпақтың адамгершілік және құқықтық тәрбиесін жетілдіру. Іс-шараларды жүзеге асыру, мұндай рулар мемлекеттің құқықтық саласында, ол өз

азаматтарының әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған [52]. Алдын алу шараларының бүкіл кешенін үш түрге бөлуге болады:

- жалпы әлеуметтік алдын алу;
- арнайы-криминологиялық профилактика;
- жеке профилактика.

Алдын алу бойынша жалпы әлеуметтік шаралар кәмелетке толмағандардың жыныстық бостандығы мен жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар барлық мінез-құлықты түзетуге бағытталған нәтижесінде жалпы мемлекет халқының табиғи деңгейдің төмендеуіне әкелуі керек қылмыс. Жалпы әлеуметтік профилактикалық іс-шараларды барлығы жүзеге асыра алады, көптеген алдын-алу субъектілері-мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар болып табылады. Жалпы алдын-алу іс-шараларына діни ұйымдар да тартылады, бірақ тек ерікті негізде. Жалпы әлеуметтік алдын-алу-бұл жаппай алдын алу, сондықтан ол өте тиімді. Алдын алудың бұл түрінің негізі - бүкіл халықтың мінез-құлқын рухта қалыптастыру, заңды құрметтеу, басқа азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу және күнделікті өмірде зорлық-зомбылық қолдануға жол бермеу. Ерекшелігімен алдын алу жыныстық еркіндікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар және кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі себептерін талдау болып табылады. Зорлық-зомбылықтың көптеген себептері бар, олардың бірі агрессия және әлеуметтік агрессивті мінез-құлық моделі. Агрессия-бұл жанжалға психологиялық жауап беру процесі, зорлық-зомбылық мінез-құлық әрекеті ретінде агрессияның көрінісі болып табылады. Агрессия әрқашан негізгі болып табылады зорлық-зомбылыққа қатысты. Әсер ету шаралары бұл құбылыс әртүрлі тәртіпте болуы керек барлық институттардың күштері мен құралдарын тарту арқылы мемлекет және қоғам. Алдын алу бойынша мақсатты жұмыс агрессия мен зорлық-зомбылық ерте жастан басталуы керек балалық шақ. Дәл осы жаста балалар бастайды жақын ортадағы мінез-құлық, мәдениет және

тұлғааралық қарым-қатынас ережелері туралы өз түсініктерін қалыптастыру. Баланы тәрбиелеудегі басты рөл оның ата-анасына тиесілі. Отбасы мүшелерінің амандығы оның арасындағы қарым-қатынас арқылы анықталады. Егер бала сенім, махаббат, ізгілік жағдайында тәрбиеленсе, онда психикалық бұзылулар болмаған кезде оның зорлық-зомбылық көріністерін қалыптастыру және неврологиялық патологиялар екіталай [53].

Функционалдық алдын алу шаралары - халықпен жыныстық қылмыстарға жол бермеу туралы түсіндіру әңгімелерін жүргізуден тұруы мүмкін; зорлық-зомбылықты насихаттайтын сайттарды анықтау, зорлық-зомбылық қылмыстары үшін, оның ішінде зорлық-зомбылық жыныстық қылмыстары үшін әділ жауапкершілікті қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желілерді дамыту; өмірлік қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарды (үйден кеткендерді, ұзаққа созылған қақтығыстарға ұшырағандарды) анықтау; кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылық қылмыстарына желі ресурстары арқылы тартылуын анықтау. Бұл іс-шараларды іске асыру жыныстық зорлық-зомбылықты қолдануға бейім адамдарды анықтау кезінде қиындық туғызады. Бұл әлеуметтік криминологиялық алдын-алу шараларының ұйымдастырушылық бағыты, яғни, ықтимал жыныстық қылмыскерді анықтауда. Алдын алу ұйымдастыру шараларын іске асыру шеңберінде, бұрын жыныстық зорлық-зомбылық жасаған азаматтарға ғана емес, психо-неврологиялық диспансерде есепте тұрған және психосексуалдық сипаттағы ауытқулары бар адамдарға да назар аударған жөн. Мұндай мәселені азаматтардың жыл сайынғы диспансерлік тексеруі шеше алар еді. Бірақ қазіргі уақытта біздің мемлекетімізде медициналық тексеру азаматтардың көпшілігі міндетті емес, ерікті, бұл жыныстық қылмыстар санының өсуіне, сонымен қатар жалпы ұлт денсаулығының нашарлануына тек теріс әсерін тигізеді. Азаматтарға психологиялық көмек көрсетуде сексолог және сексопотолог көмегіне жүгінген жөн. Олар өз тараптарынан қолынан келерінен аянбауы тиіс. Аталған қылмыстарды алдын-алуда нақты дұрыс әрекеттер жасау қажет [54].

Қорыта келе, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алудың жалпы іс-шараларына – отбасын сақтауды жатқызуға болады. Яғни, жаңадан құрылған 5 жылға дейінгі отбасы болсын, 10-15 жылдан бері бірге тұрып жатқан отбасылар болсын, ажырасуды болдырмауға барынша тырысу керек. Себебі, отбасындағы туған ата-анасымен бірге тұратын баланың жағдайы дегенмен дұрыс. Бірақ, қазіргі уақытта лудоманияның (құмар ойындардың) кері әсерінен, жұмыссыз отырған ер азаматтарды жұмыспен қамтуға міндеттеу қажет. Себебі, әрбір отбасы материалды қамтамасыз етілуі тиіс. Ал мемлекет барлығын қамтамасыз етуі мүмкін емес. Сондықтан, аяқ-қолы сау, ер азаматтардың барлығын жұмысқа орналасуын талап ету керек. Міндеттеу қажет.

## 2.2. Қылмыстың алдын-алудың арнайы іс-шаралары

Қазіргі таңда кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алу, тек қана отбасындағы қатынастармен шектеліп қана қоймайтынына көзіміз жетті. Замануи технологиялардың дамыған кезеңінде, әлемнің түкпір-түкпірінен отырып-ақ, әлеуметтік желі арқылы аталған қылмыстардың жасалуына себепші болатын бейнежазбалар мен суреттер саны күнсайын артуда. Бұл дегеніміз, кәмелетке толмағандар мен жас балаларды азғындау, олармен жыныстық қатынасқа түсу сәті бейнеленген роликтердің әлеуметтік желіде кеңінен таралуы мен олардың әркімге қолжетімділігі жайлы. Алғашқы тарауда осы санаттағы қылмыстарды тергеу барысында, көп жағдайда, жалғызбасты аналармен бірге тұратын ер азаматтар немесе өгей әкелер кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық зорлық-зомбылық жасайтынын анықталғаны жайлы атап өттік. Тәжірибеде, жауап алу барысында, педофилдың қылмыстық әрекетті жасаудан бұрын, көп уақыт жас балалар мен кәмелетке толмағандар бейнеленген эротикалық сайттарға жиі кіретіні анықталды. Демек, эротикалық бейнежазбалар



көпшілікке еш кедергісіз кіруге қолжетімді. Неліктен біздің елімізде, өсіп келе жатқан ұрпақтың рухани дұрыс дамуына кедергі келтіретін, ар-ұятқа жат бейнежазбаларға және әлеуметтік желілерге әлі күнге дейін тыйым салынбаған?

Сексуалды зорлық-зомбылық пен эротикалық бейнежазбалар мен суреттердің ашық алаңы ретінде «В контакте» әлеуметтік желісін атап өтуге болады. Мысалы, «Инстаграмм» әлеуметтік желісінде, сексуалды сипаттағы суреттер мен жазбалар болса, ол аккаунт дереу бұғатталады. Ал «В контакте» желісі керісінше, мүлдем бақылаусыз қалған. Осы әлеуметтік желідегі «teen», «школьницы», «Қазақи отбасы» атты парақшаларда, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың бейнеленуімен толы эротикалық көріністер көп.

Расында, тәжірибеде алдын-алу жағынан артта қалғанымызды мойындау қажет. Себебі, көбінесе, біз қылмыстық құқықбұзушылық болғаннан кейін тергеу әрекеттерін жүргіземіз, ал осы қылмысты болдырмау жолдарына аса мән бермейміз. Жоғарыда аталған парақшаларға мыңдаған ер азаматтар тіркелген, олардың күнделікті кәмелетке толмағандар мен жас балаларға қатысты жыныстық қарым-қатынастарды қарауларының өзі сау нәрсе емес. Біздің ойымызша, бұл парақшаларды және олардан басқа да кәмелетке толмағандар мен жас балалардың эротикалық бейнелері суреттелген жазбалары бар парақшаларды арнайы технологиялық білімі бар мамандардың көмегімен анықтап, осы парақшаларға жиі кіретін адамдармен профилактикалық сұхбат жүргізу қажет. Бұл тұлғаларды ішкі істер органдарының ішкі есебіне алып, аталған сайтқа кіруге болмайтыны жайлы, және қылмыс болған жағдайда, олар күдікті ретінде қарастырылатынын ескерту керек.

Егер де, жас балалар мен кәмелетке толмағандардың қатысуымен түсірілген бейнежазбаларды таратқан тұлғаны жаңа бағдарлама арқылы анықтайтын болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 312 бабымен көзделген қылмыс құрамы бойынша жауаптылыққа тартылады. Бұл бапта көзделген қылмыстар сирек тіркеледі, өйткені қылмысты анықтау бойынша жұмыс тиісінше жүргізілмейді. Сонымен қатар, диспозициясында сол

себепті ҚР ҚК-нің «кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту» 312 бабына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет:

1. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды тарату, жария көрсету немесе жарнамалау мақсатында дайындау, сақтау немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы алып өту не тарату, жария көрсету немесе жарнамалау, *«сол сияқты әлеуметтік желі арқылы қарау, жүктеу немесе қолма-қол емес таратудың басқа түрлері»* - деп өзгерту.

Біздің ойымызша, шекара арқылы алып өту не тарату, дискілер мен тасымалдаушы заттарға байланысты, ал әлеуметтік желі арқылы арнайы сайттың мекен-жайына сілтеме жіберу арқылы тарату заңда ашық көзделмеген. Сол себепті әлеуметтік желі арқылы тарату жайлы нақтылау қажет.

Арнайы бағдарлама, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың қатысуымен бейнеленген порнографиялық парақшаларды кім жиі қарайтынын және өзара алмасу, яғни тарататынын анықтайтын болады. Нәтижесінде, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы ҚР Қылмыстық кодексінде 120, 121, 122, 123, 124 баптарда көзделген қылмыстардың алдын-алып, 312 бапта көзделген қылмыстар үшін жауаптылық саны ұлғаяды. Тәжірибеде, «болар іс болды, бояуы сіңді» - деген оймен, жас балалардың немесе кәмелетке толмағандармен жәбірленуші ретінде танылып, болашақ өміріне балта шабылғанына куә болғаннан, осы қылмыстардың алдын-алу мақсатында, қолымыздан келгенше аянбай еңбектенуіміз едәуір тиімді.

Осы орайда, Азия елдерінде үздік бестікке кіретін, мемлекетіміздегі танымал IT-холдингтардың бірі – Kazdream–ның мамандарымен бірігіп, арнайы бағдарламаны құру, ұйымдастыру, іске қосуға ұсынымызды білдіреміз. Мамандармен анықталған, кәмелетке толмаған және жас балалардың порнографиялық бейнесі бар сайттарға жиі кіретін тұлғалардың IP-мекен-жайы

ІІМ-не жолданып отырса, оларды «Кибербақылау» бойынша тізімге енгізіп, учаскелік полиция қызметкерлері өз аймағы бойынша тексеру жүргізіп, аталған тұлғалармен профилактикалық сұхбат жүргізуге міндеттеледі. Осылайша, учаскелік полиция қызметкерлері оларға жүктелген, нақты алдын-алу шараларын орындайды. Қылмыстың алдын-алу, азаматтар үшін, құқыққорғау органдары үшін, жалпы мемлекеттің дамуы үшін маңызды. Қазіргі уақытта, бас бостандығынан шектеу мекемелері толы, бұл профилактиканың нашарлауының белгісі. Оны да ескеру қажет.

Әлеуметтік желіде кеңінен тараған порнографиялық бейнежазбалар мемлекеттік тұрғыда барынша қатаң қадағалауға алынуы тиіс. Ғылыми зерттеу жүргізу барысында, жас балалар мен кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық зорлық-зомбылық жасайтын қылмыскерлер, жас балалардың қатысуымен түсірілген порнографиялық сайттарға жиі кіретіндері анықталды. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары да, жас балалардың қатысуымен түсірілген порнографиялық материалдарды қарау, кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстық пиғылдың пайда болуына әкеп соғатынын дәлелдейді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында «Kazdream» ІТ-холдингінің құрамына кіретін «АiМар» ІТ-компаниясының қызметшілерінен сұхбат алынды. ІТ-холдингінің қызметтерінің бір бағыты болып құқық қорғау органдарының жұмысын жеңілдететін программалар құрастыру көзделген. Олардың айтуынша, компания экстремистік және деструктивті тұрғыда түсірілген қауіпті контенттерді анықтайтын жүйені құрастырумен айналысады. Бұл жүйені енгізіп қолдану нәтижесінде, жоғарыда аталған қоғамға кері әсер ететін және экстремистік топтарға түсуге бейімдейтін қауіпті контентті қараудың профилактикасы көтерілген.

Аталған жүйе «Аналитикалық интернет картасы» (АИК), бірнеше жылдар бойы экстремизм мен терроризмге қарсы профилактикалық жұмыстарды жүргізуде, еліміздің облыстық әкімшіліктеріне қарасты жергілікті Діни істер

жөніндегі басқармаларымен, сонымен қатар ҚР АҚДМ діни істер жөніндегі Комитеті деңгейінде кең ауқымда қолданылып жатыр.

Қазіргі таңда АИК жүйесі келесідей әлеуметтік маңызды бағыттарды игеруде: порнография және сексуалды зорлық-зомбылық, соның ішінде педофилия, суицид пен лудомания жайлы контент.

Осыған орай, ҚР ИМ «AiMap» IT-компаниясымен бірлесе отырып, АИК жүйесін қолданысқа енгізетін пилоттық жобаны іске қосу ұсынылады. Бұл жүйе келесідей қызмет көрсетеді:

- негативті контенттің қазақстандық тұтынушыларға әсер етуі мен таратылу масштабының динамикасын анықтайды;

- жас балалар мен кәмелетке толмағандардың қатысуымен түсірілген порнографиялық материалдарды таратумен айналысатын әлеуметтік желілер қауымдастығын, сонымен қатар өзге де сексуалды зорлық-зомбылықпен байланысты порнографиялық қауымдастықтарды анықтайды;

- жоғарыда аталған контентті көп мөлшерде қолданатын және қауіпті материалдарды тарататын тұтынушыларды (бейімді топ) анықтайды;

- мекен-жайы бойынша алдын-алу жұмыстарын жүргізу немесе заңсыз әрекеттерді тыю мақсатында, тұтынушылармен көрсетілген келесідей ашық ақпараттар негізінде визуалды цифрлы аналитика ұсынады: жасы, жынысы, оқу және жұмыс орны, телефон нөмірлері мен орналасқан жерінің географиясы.

Біздің ойымызша, аталған жүйе қызметі, жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың профилактикасын күшейтуге мүмкіндік береді, сонымен қатар ҚР ҚК 312 бабында көзделген қылмыстардың алдын-алу шараларына да септігін тигізетіні анық. (*«Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту»*). Құқық қорғау органдары, өз кезегінде, бұл тұлағаларды арнайы ішкі тізімге қойып, оларды тексеруді учаскелік инспекторларға тапсыру қажет. Егер

отбасында жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырау қауіпі анықталса, жас балалар мен кәмелетке толмағандарды дереу психолог мамандарына жолдап, көмек көрсетіп, қылмысты болдырмауға әрекет жасау керек.

Қылмыстың алдын алу үшін, мемлекет тарапынан материалдық қамтамасыз ету ең маңызды сұрақ болып табылады, себебі заманауи технологияларды игеріп, қылмыскердің әлеуметтік желідегі іс-әрекеттерін бақылау үшін де, құқықорғау органының қызметкерлері даяр болуы тиіс. Ол дегеніміз тиісті білімді алып, немесе осы саланы жетік меңгерген маманды тартып, тәртіп сақшылары қылмыскерден бір қадам алда жүру керек.

Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынасқа түсу және өзге де сексуалды әрекеттер жасау, азғындау қылмыстарының алдын-алудың жалпыәлеуметтік, арнайы криминологиялық, дараланған, және виктимологиялық түрлерін қарастыралық. Жалпыәлеуметтік алдын-алудың негізгі бағыттары болып үшке бөлуге болады: әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және рухани-адамгершілік. ҚР ҚК-нің 122, 124 баптарында көрсетілген қылмыстардың алдын-алудың әлеуметтік-экономикалық шаралары мынаған бағытталуы тиіс: отбасы институтының әлеуметтік беделін көтеру мен оның қаржылық тұрақтығы; балалардың рухани және ақпараттық қауіпсіздігінің қалыпты дамуына жағдай жасау, кәмелетке толмағандарды адамгершілік және физикалық тұрғысынан азаптаудан қорғау; кәмелетке толмағандар мен жас балалардың адамгершілік және рухани жағынан қалыпты дамуына жауапты органдардың қызметіне бақылау жүргізу; кәмелетке толмағандарды сексуалды мақсатта пайдалану мен азаптаудан алдын-алуға, балалық шақты қорғауға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды толықтай қаржыландыру. Әрине, әлеуметтік-экономикалық шаралар өздігінен елдегі кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстардың санын азайтуға едәуір әсер ете қоймас, оның ішінде ҚР ҚК-нің 122, 124 баптарында көзделгендер бойынша, алайда, аталаған қолсұғушылықтармен күресте, басқа алдын-алу шараларымен кешенді түрде жүргізілсе, нәтижелі болары анық.

Адамгершілік-рухани алдын-алу шаралары, қоғам мүшелерінде моральды-рухани сана қалыптастыруға, сексуалды әдепсіздікке қарсы сана қалыптастыруға бағытталған. Саяси-құқықтық салада кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықсыз жыныстық қол сұғушылықтың алдын-алу бойынша жалпы әлеуметтік профилактика: біріншіден, заңсыз әрекеттерді жасауға жол берілмейтіндік деңгейіне жету үшін адамдарды құқықтық санаға тәрбиелеуде; екіншіден, қылмыстық заңнаманы кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарға қарсы күрес құралы ретінде жетілдіруде. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы күш қолданбай жасалатын қылмыстардың алдын-алу бойынша бірқатар жалпыәлеуметтік шаралар ұсынылады. Біріншіден, қандай да бір психикалық ауытқулардан зардап шегетін адамдарды анықтау мақсатында кәмелетке толмағандарды тәрбиелеумен және оқытумен айналысатын барлық қызметкерлерді психологтар мен психиатрлардың міндетті түрде жыл сайынғы тестілеуін енгізген жөн. Жыл сайынғы медициналық тексеруден өту кезінде білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне осындай тестілеу жүргізуге немесе арнайы құрылған комиссиялардың қызметкерлеріне осындай бақылауды жүзеге асыруға болады. Іс жүзінде, адамды кез-келген білім беру мекемесіне педагог лауазымына жұмысқа орналастыру кезінде ол кез-келген психикалық және басқа аурулардың болуы үшін медициналық комиссиядан, сондай-ақ соттылықты тексеруден өтеді. Бұл ретте әрі қарай жұмыс барысында аталған қызметкерлер бұдан былай қосымша тексерулерге, тренингтерге және тестілеулерге ұшырамайды, себебі білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін психологтар «ересектер психологиясы» бойынша біліктілікке ие емес, олардың қызметі кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге бағытталған. Екіншіден, зорлық-зомбылықсыз жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында кәмелетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастыруға арналған мекемелер құру және оларды келуге белсенді ынталандыру тиімді болады. Балаларды оқудан бос уақытта бос ұстау

және олардың көшеде қараусыз уақытын шектеу үшін түрлі тегін секциялар, спорт клубтары, қызығушылық бойынша үйірмелер ұйымдастыру қажет. Бұл, әсіресе, әлеуметтік емес топқа қосылып, отбасында алмайтын нәрсені ауыстыруға тырысатын дисфункционалды отбасылардан шыққан балаларға қатысты. Үшіншіден, халықтың кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықсыз жыныстық қылмыстар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы санасын қалыптастыру мақсатында, әрине, жәбірленушінің жеке деректерін көрсетпей, нақты айыптау үкімдерін, жасын қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қажет. Төртіншіден, білім беру мекемелерінде кәмелетке толмағандар мен кәмелетке толмағандарға көшеде, басқа қоғамдық орындарда бейтаныс адамдармен мінез-құлықтың белгілі бір ережелерін түсіндірген жөн, жыныстық сипаттағы қандай да бір зорлық-зомбылықсыз әрекеттер жасауға әкелуі мүмкін жағдайларға жол берілмейтіндігін көрсеткен жөн. Ю.М. Антонян мен А.А. Ткаченко дұрыс атап өткендей, жыныстық қылмыстардың алдын алуда «моральдық, оның ішінде жыныстық тәрбие, екіжүзділік пен ұятсыздықтан, сонымен бірге цинизм мен жалаңаштықтан айырылған, адамгершілік тәрбие жастарды жыныстық қатынас саласында бағыттауға міндетті, онда әркім құрметті және тең серіктес бола алады. Мұндай тәрбие қазір моральдың жалпы төмендеуіне байланысты өте маңызды» [1, с. 288]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оқушылардың мінез-құлқына қалай әсер ететінін талдады әр түрлі қолданыстағы жыныстық ағарту бағдарламалары. Олардың ешқайсысы оқушылардың жыныстық өмірінің басталуын тездетуге ықпал етпейтіні белгілі болды: мектеп курсы жыныстық өмірдің басталуын кешіктіреді немесе оны тәртіпті етеді. Тиісті курстан өткен жыныстық белсенді мектеп оқушылары нашар білімді құрдастарына қарағанда аз қауіпті әрекет етеді. Ең сәтті бағдарламалар: А) мектеп оқушылары жыныстық қатынасқа түскеннен ертерек басталады және б) студенттерді репродуктивті жүйенің анатомиясы мен физиологиясы, контрацепция және т. б. туралы биологиялық және медициналық біліммен ғана емес, сонымен қатар

психологиялық дағдылармен және әлеуметтік-адамгершілік нормалармен-сыни жағдайларда қалай әрекет ету керек, құрдастарының қысымына қарсы тұру және т. б. [3, с. 12]. Осылайша, адамгершілік-эстетикалық тәрбие аясында «жыныстық тәрбие» курсын енгізу қажет, онда «жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» тақырыбын ашу қажет. Қазіргі уақытта бұл аспект жанама түрде «өмір сүру қауіпсіздігін қорғау» және «әлеуметтік зерттеулер» пәндері аясында ғана қарастырылады. Бесіншіден, кәмелетке толмағандардың және жас балалардың мінез-құлқына, рухани және адамгершілік дамуына теріс әсерді интернет желісі арқылы, ата-аналардың компьютерлерге, планшеттерге, телефондарға кәмелетке толмағандардың теріс ақпараты бар сайттарға кіруіне тыйым салатын арнайы «ата-ана бақылауы» бағдарламаларын орнатуы арқылы шектеу қажет (мысалы: Windows Vista-да ата-ана бақылауы, Kaspersky Internet Security-де ата-ана бақылауы, Kidscontrol 1.6 Кибермамы және басқалары). Сонымен қатар, мектеп жасындағы балалардың ата-аналарына келесі ұсыныстар ұсынылады, оларды қолдана отырып, балаларын жыныстық қол сұғушылықтан сақтай алады: балаларды ер адамдармен жалғыз қалдырмаңыз, әсіресе егер олар мас болса; балаға бейтаныс адамдарға сенбеу керектігін түсіндіріңіз, егер олар өздеріне еруді сұраса, тәттілер, сыйлықтар немесе ақша ұсынады; балаға ол өзі қаламайтын нәрсені жасауды сұрайтын ересек адамға "жоқ" деп айтуға құқығы бар екенін түсіндіріңіз; балалармен сенімді қарым-қатынасты сақтау, олардың және баланың достары мен таныстарының теріс әсерінің алдын алу үшін уақтылы шаралар қабылдау; егер ата-аналар балаға қарсы жасалған жыныстық қол сұғушылық туралы білсе, бұл туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлау керек. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәмелетке толмаған балалары бар не оларды оқытумен немесе тәрбиелеумен тікелей байланысты алкоголизмнен, нашақорлықтан және психикалық ауытқулардан зардап шегетін адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықсыз жыныстық қол сұғушылық жасауға бейім адамдарды анықтауы және олардың есебін жүргізуі арнайы-



криминологиялық ескерту шараларына жатады. Азғын өмір салтын жүргізетін, психикалық ауытқулары, бұзылулары бар, жыныстық патологиялары бар, әсіресе педофилиядан зардап шегетін адамдарға бақылау жүргізген жөн. Психикалық ауытқулары бар адамдарды есепке алуды психоневрологиялық диспансерлерде жүргізу қажет, бұл ретте олар құқық қорғау органдарындағы мәліметтермен өзара толықтырылуы тиіс. Мінез-құлқы тұрақты психокоррекцияға көнбейтін, жыныстық қылмыс жасауға шынымен дайын адамдарды анықтау мақсатында педофилиядан немесе басқа да жыныстық қалау бұзылуларынан зардап шегетін адамдарға көмек көрсететін жасырын психологиялық-психиатриялық қызметтермен полиция қызметкерлерінің бірлескен жұмысы тиімді болып көрінеді. Жеке ескерту шараларын қолдану қажет адамдар тобын анықтау керек. Кәмелетке толмағандардың араласатын ортасында қарым-қатынас жасайтын, жас адамдармен бос уақытын өткізетін ересек адамдарды анықтау қажет. Азаматтардың осы санатымен жеке әңгімелесулер жүргізген, оларға он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас, сексуалдық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер және азғындық іс-әрекеттер үшін көзделген қылмыстық жауапкершілік туралы хабардар еткен, сондай-ақ оларға оң ықпал ете алатын қоршаған ортасынан өзге адамдарды жұмысқа тартқан жөн. Жеке ескертудің екінші бағыты-кәмелетке толмағандармен (ата-аналары, басқа туыстары, жақын таныстары) жыныстық қатынас жасай алатын адамдарды анықтау. Бұл жерде тұрмысы нашар отбасыларда, ата-аналар алкогольді асыра пайдаланатын, тұрақты жұмыс орны жоқ, кәмелетке толмағандарға тиісті тәрбие мен қарауды жүзеге асырмайтын отбасыларда таныстыру-түсіндіру және тәрбиелік әңгімелер жүргізу қажет. Осы адамдарды алкогольге немесе өзге де тәуелділікке емдеу қажеттілігіне сендіру. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықсыз жыныстық қолсұғушылық жасағаны үшін, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің кәмелетке толмағандарды күтіп-бағу және тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін қылмыстық және әкімшілік

заңнамада көзделген жауаптылық туралы хабардар етуге міндетті. Осы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету, оның ішінде жұмысқа орналасу, есеп жүргізу және олардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру. Үшінші бағыт-жыныстық артықшылықтың бұзылуынан зардап шегетін адамдар жасаған кәмелетке толмағандарға күш қолданбай жасалатын жыныстық зорлық-зомбылықтың жеке алдын-алу. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері осы адамдарды денсаулық сақтау органдары мен психологиялық-психиатриялық қызметтер қызметкерлерінің көмегімен анықтауды, олардың есебін жүргізуді, жеке әңгімелесулер жүргізуді, моральдық-психологиялық көмек көрсетуді, алдын-алушылардың іс-әрекеттеріне тұрақты бақылауды жүзеге асыруды, қажет болған жағдайда оларды тиісті емдеуге жіберуді жүзеге асыруы керек. Жеке ескертуге жататын адамдардың төртінші тобы-кенеттен туындаған пиғылдың әсерінен кәмелетке толмағандардың жыныстық тұтастығына қол сұғуды жүзеге асыра алатын адамдар. Мұндай адамдарды анықтау және алдын алу алдыңғы үш топқа қарағанда қиынырақ. Осы азаматтардың шеңбері анықталмағандықтан, бұрын жыныстық қол сұғушылық үшін сотталған немесе ұсақ бұзақылық үшін бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға назар аудару қажет.

Қылмыстың алдын алуда виктимологиялық алдын-алу маңызды орын алады, ол ішкі қорғаныс мүмкіндіктерін белсендіру үшін ықтимал жәбірленушіге немесе оның айналасына әсер етуден тұрады. Виктимологиялық профилактиканы кәмелетке толмағандардың бірнеше санатына қатысты жүргізу қажет. Біріншісі-кәмелетке толмағандар, азғын өмір салтын ұстанатындар, алкоголь немесе есірткі заттарын қолданатындар, оқу орнында үлгерімі нашар, әдепсіз киінетіндер және т.б. екінші топ-ата-аналары алкогольді теріс пайдаланатын, жұмыс істемейтін және балаларды тәрбиелеу мен оқытумен айналыспайтын дисфункционалды отбасыларда тұратын кәмелетке толмағандар. Полиция қызметкерлері, атап айтқанда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлері осындай

кәмелетке толмағандармен, олардың ата-аналарымен, тәрбие және білім беру мекемелерінің қызметкерлерімен кәмелетке толмағандарға жыныстық қол сұғушылық тақырыбында кездесулер мен әңгімелер өткізуді ұйымдастыруы қажет. Құқық қорғау органдарына жыныстық зорлық-зомбылық жасау кезінде өзін қалай ұстау және не істеу керектігі, қылмыскердің ниетін қалай дұрыс бағалау және қарым-қатынасты уақытында тоқтату, жасалған қылмыс туралы хабарлаудың орындылығы туралы хабарлау қажет. Кәмелетке толмағандарға қатысты күш қолданбай жасалатын жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу. Әртүрлі субъектілердің, соның ішінде жалпы әлеуметтік, арнайы криминологиялық, жеке және виктимологиялық ескертулердің қызметі деп қорытынды жасауға болады.

Адам - күрделі құрылымнан тұратын биоәлеуметтік жаратылыс. Оның мінез-құлқы мен жүріп-тұруы, биологиялық факторлардан (яғни физиологиялық) және биологиялық емес - мәдениет, жеке ой-пікірі, өмірге деген көзқарас секілді т.с.с. факторлардан құралады. Аталған факторлардың ішінде ерекше орынды сексуалдық қасиеттер алады. Тыныс алу мен тамақтану процестері секілді, ол адам ағзасының туа біткен қажеттілігі болып табылады. Адамның сексуалды қасиеттері, оның жеке өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптасады. Сондықтан адамның сексуалды қасиеттері биологиялық, психикалық және әлеуметтік негіздермен тығыз байланысты.

Жыныстық қажеттілік адам өмірінің барлық жақтарына әсерін тигізеді. Алайда, кейбір адамдар өздерінің жыныстық қажеттіліктерін заңға қайшы әрекеттермен қанағаттандырады. Сол себепті, қолданыстағы қылмыстық заңнама, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы бірқатар қылмыстар үшін жауаптылықты көздейді.

Ю.М. Антонян, А.А. Ткаченко және Б.В. Шостаковичтің пікірінше, «жыныстық қылмыс» терминінің екі түсінігі бар. Кең мағынада - бұл жыныстық ынтасы бар кез-келген қылмыс: адам өлтіруден бастап ұрлауға дейін, тар мағынада - бұл жыныстық қолсұғылмаушылық пен жыныстық

бостандыққа қарсы, немесе қоғамдық тәртіп пен қоғамдық имандылыққа қарсы әрекет. [55]

А.П. Чуприков пен Б.М. Цупрык жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстарға, зорлау және азғындық жолға түсірумен қатар, сексуалды ниетпен адам өлтіруді де жатқызуға болады. [56]

Я. М. Яковлев жыныстық қылмыстарды әлеуметтік қоғамдағы жыныстық тәртіпке сай құрылған жыныстық қатынастарға қол сұғатын әрекеттер деп анықтайды. Бұл субъектінің немесе өзге тұлғаның өз жыныстық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында, жәбірленушінің жыныстық мүдделерін бұзатынын білдіреді. [57]

П. Бейлинсонның пікірінше, адамдар арасындағы жыныстық қатынастарды реттеу негіздері, қоғамда белгіленген жыныстық қатынастар мен жыныстық имандылық принциптері тәртібін бұзатын, жеке тұлға мен оның мүдделеріне қарсы бағытталған сексуалды әрекеттер жыныстық қылмыстар болып табылады дейді. [58]

Н.И. Трофимов кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар деп, азғындық жолға түсіру, жыныстық кемелдену жасына толмаған тұлғамен күш қолдану арқылы және күш қолданбай жыныстық қатынасқа түсуді атайды. [59]

Г.Б. Дерягинның пікіріне сай, жыныстық қылмыстар — бұл жыныстық қатынастар аясында, қоғамның моральдық негіздеріне, тұлғаның жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы, қылмыстық заңнамамен көзделген қоғамдық қауіпті әрекеттер делінген. [60]

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар тобына келесілер кіреді: зорлау (ҚР ҚК 120 бабы), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК 121 бабы), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123 бабы), он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық

қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122 бабы), және жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124 бабы).

Аталған топтағы қылмыстардың арасында, қайсысы күш қолданусыз жасалатын жыныстық қылмыстар екенін анықтау қажет. Ол үшін «күш қолдану» түсінігін талдау керек.

С.И. Ожеговтың сөздігіне сәйкес, күш қолдану - бұл физикалық күш қолдану немесе біреуге өзге тәсілмен мәжбүрлі әрекет ету. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы, күш қолдануды алдын-ала нақты немесе қорқыту арқылы, өзіне қарсы, өзге тұлға мен адамдар тобына немесе адамдар қауымына қарсы физикалық күш немесе билік қолдану ретінде анықтайды. [61]

Жоғарыда көрсетілгенге сүйенетін болсақ, күш қолданудың бөлек түрлері ҚР ҚК 120, 121, 123 баптарында көзделген қылмыстарға сай келетінін айтуға болады. Демек, талқылауға салынған топтағы қалған қылмыстар: он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122 бабы), және жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124 бабы) күш қолданусыз жасалатын жыныстық қылмыстар қатарына жатады. Бұл тұжырым заң ғылымдарында кеңінен қолдау тапты.

Бұл әрекеттерді криминализациялау, кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық және имандылық қасиеттерінің дамуын дұрыс қамтамасыз ету мен оларды сексуалды азаптардан қорғау қажеттілігіне негізделген.

Қазіргі таңда жас балаларды азғындық жолға түсіру оқиғалары белең алуда. Осыдан 7-10 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 124 бабы бойынша: «1. Көрінеу жас балаға қатысты күш қолданбай азғындық әрекеттер жасау», - деп көзделген факті бойынша қозғалған қылмыстық істердің саны жоқтың қасы болатын. Сондықтан осы ғылыми жұмыс төңірегінде, азғындық әрекеттер бойынша қылмыстық істерді тергеу кезінде кездесетін проблемаларға тоқталуды жөн көрдік.

Бұл бұрын-соңды жас балаларды азғындық жолға түсіру фактісі болмағаннан емес, көбінесе, ата-аналар бұл мәселені ұятты деп, мәселенің ашық жария болуынан қорыққандықтан, құқық қорғау органдарына арыз шағыммен жүгінбейді. Сонымен қатар, жәбірленуші жас баланың достары, таныстары мазаққа алуы мүмкін екендігін ескеріп, кейіннен баланың психикасына кері әсері тигеннен қорғап қалу мақсатында, болған жайтты құпия сақтап қалатыны рас. Ал қылмыскер бостандықта жүріп, өзінің жауапсыз қалғанын түсініп, өзінің қылмыстық ойын ары қарай жалғастыруы ықтимал. Сондықтан, азаматтар кінәлінің жауапсыз қалып, басқа бір қылмыс жасауына жол бермеу үшін, құқық қорғау органдарына арызданып, істі заң шеңберінде шешуі абзалырақ.

«Жыныстық қылмыстар, оның ішінде зорлау – адамның қадір-қасиетіне қол сұғатын проблемалармен байланысты қылмыстардың ерекше түрі. Бұл санаттағы қылмыстарды тергеу кезінде адамдар аз ақпараттандырылғанына қарамастан, құқық қорғау органдары қылмыскерді іздеу барысында тұрғындарға көмекке жүгінуге мәжбүр. Кейде, осылай ақпарат жинау барысында, тек қана қылмыстың ауырлығын ғана атап өтпей, жәбірленушілер туралы жеке ақпараттар қамтылуы мүмкін. Осының салдарынан, көрші-қоланға жәбірленушінің аты-жөні белгілі болады. Сондықтан жәбірленушілер құқық қорғау органдарына арызбен жүгінуден тартынады.

Зерттеу барысында, зорланғандардың тек 7,8% ғана құқық қорғау органдарына олардың ары мен абыройын қорғау үшін өтініш білдірген.

Жәбірленушілердің арызданбауының тағы бір себебі, олар құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің көмектесетініне сенбейді. Әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сүйенетін болсақ, сауалнама алынған 500 әйелдің 45,5% солай ойлайтынын көрсетті. Сонымен қатар, сауалнама жүргізу барысында, біршама күтпеген тенденция анықталды: 180 сауалнама алынған зорланған әйелдердің - 6,5% зорлау фактісі бойынша арызбен жүгінбеу себебі, оларды зорлағандарды ұрып-соғу ұйымдастырған; 1,94% әйелдер кінәліні қылмыстық

жауаптылыққа тартуды қаламайтынын айтты, себебі кінәлінің әйелін, әпкесін зорлауды ұйымдастырып, содан моральды қанағаттанған; 30,5%-ы әлі күнге дейін кінәліні кешірмеген, бірақ құқық қорғау органдарына арызбен шағымданудан бас тартты, басқа жолмен жазалауға үміттенеді. Тергеу тәжірибесінде, олар қолайлы жағдай туса кінәліге немесе оның жақын әйелдеріне өз бетінше іздестіру жүргізіп, жазалау қауіпі бар. Мұндай тенденция өте қауіпті. Бұл жәбірленушілердің құқықтарын қорғау механизмінің жетілмегенін көрсетеді. Осындай қылмыстарды тергеп-тексерудегі проблеманың бір жағы. Екінші жағынан, зорлауды тергеудегі проблема, оларды ашылуы өте төмен. Көптеген зорлау жасағандар анықталмай қалады. Және де, жәбірленушілердің арызы берілген қылмыстық істер негізсіз қысқартылған.

Жоғарыда көрсетілген проблемалар әлі күнге дейін бар, және ең өкініштісі, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің кәсіби біліктілігінің төмен болуынан, жәбірленушілер заңды жолмен кінәліні жазалауға болатынына сенбейді. Қылмыстық кодекстің 124-бабында көрсетілген жас балаларды азғындық жолға түсіру, тәжірибеде дәлелдеуге қиындық тудыратын қылмыстардың қатарында. Себебі, бұл орайда 124-бап бойынша, кінәлі жәбірленушімен жыныстық қатынасқа түспейді, тек оның жыныстық мүшесін ұстап, немесе, өзінің жыныстық мүшесін ұстатып, түрлі порнографиялық бейнежазбалар көрсетіп және т.б. сексуалды сипаттағы әрекеттер жасай отырып, қылмыстық ойын жүзеге асырады.

Осы тұрғыда, «Зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 Нормативтік қаулысында, жас балаларды азғындық жолға түсіру әрекеттерін саралау кезінде, нақты қандай әрекеттер азғындық болып табылатынына түсініктеме берілмеген. Бұл тәжірибеде кездесетін алғашқы проблема [62]. Тергеушілер күдіктінің әрекетін саралау барысында,

нақты заңнаманың нормаларында көрсетілген түсініктемеге сүйеніп шешім қабылдаған абзал.

Жас балаларды азғындық жолға түсіру әрекеттері, күш қолданусыз жасалғандықтан, жәбірленушінің денесінен қандай да бір жарақат іздері табылмайтыны анық. Егер жарақат болса, онда кінәлінің әрекеттері Қылмыстық кодекстің 121, 123 баптарының тиісті бөліктері мен тармақтарына сәйкес сараланатын болады.

2.3. Құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру-құқықбұзушылықты ескертудің бір аспектісі ретінде

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру – құқықбұзушылықтың алдын-алу аспектілерінің бірі. Жас балаларды азғындық жолға түсіру фактілері бойынша қылмыстық істерді тергеу барысында, тергеуші жәбірленуші мен сезіктіден жауап алу, олардың арасында беттестіру жүргізу кезінде, өзінің кәсіби біліктілігін барынша жан-жақты қолданып, сұрақтарды алдын-ала даярлап, қылмыстық заңнаманы дұрыс қолданып, нәтижесінде аталған тергеу амалдарымен істің нақты мән-жайын анықтап, өзінің ішкі сенімін ескеріп, шешім қабылдауы қажет. Тәжірибеде жалған арыздану мен жалған жауап беру жағдайлары жоқ емес. Сондықтан, тергеуші қылмыстық іс бойынша соңғы және нақты шешім қабылдаған сәтте, сезіктінің кінәсын дәлелдейтін жеткілікті дәлелдемелерді жинап, сотқа жолдауы үлкен нәтиже. Осындай нәтижеге басқа қылмыстық пиғылы бар тұлғалар көз жеткізсе, заңсыз әрекетке кірісуден бас тартуы әбден мүмкін. Құқық қорғау органдары қызметкерлері әрдайым жинақы, кәсіби біліктілігі жоғары, дәлелдемелерді уақытылы және тиянақты жинайтын болғаны жөн.

Тәжірибеде, жауап алудың қыр-сырын үйретіп, дұрыс сұрақтар қоюды үйрететін тәлімгерлер (наставник) қазіргі кезде өте аз немесе мүлдем кездеспеуі де мүмкін. Кейбір құқық қорғау органдары мекемелерінде қағаз жүзінде



тәлімгер тағайындалғанымен, іс жүзінде бұл талап орындалмайды. Жаңадан келген қызметкерге дұрыс бағыт-бағдар беріп, қылмыстарды тергеуді үйрететін тәлімгердің болмауы, екінші проблема. Осыған орай, біз кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды тергеу алгоритмі белгіленген әдістемені құрастырып, ұсынып отырмыз. Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алу, болдырмау үшін, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру, жетілдіру бірден-бір қажеттілік. Көпшілік білетіндей, ішкі істер органдарында жаңадан тергеуші немесе жедел-ізвестіру қызметіне орналасатын қызметкерлердің жұмыстан шығып кету фактілері жиі кездесетіні мәлім. Неліктен? Жұмыстың күрделілігі, жұмыс уақытының шегінен шығуы, т.б. Алайда, ең бастысы тәлімгер институтының жоқтығы. Қазіргі уақытта тәжірибеде 5 жылдан астам бір орында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің саны өте аз. Тергеушілерге тергеудің қыр-сырын үйрететін, жедел уәкілге жедел-ізвестіру шараларының анық-қанығын түсіндіретін тәлімгерлер күннен күнге азаюда. Бұл фактор, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың ашылмай қалуына да әсерін тигізуде. Осыдан 5-7 жыл бұрын, яғни 2015-2016 жылдары, латентті деп танылатын жыныстық қылмыстар бойынша, әйелдерге қарсы Қылмыстық кодекстің 120, 121 баптары бойынша ғана тіркелетін. Ал жас балалар мен кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы осы Кодекстің 120, 121, 122, 123, 124 баптары өте сирек тіркелетін, және сотқа жодауға қиындық тудыратын. Себебі, жәбірленушінің жауабынан басқа айғақтар кем де кем. Кәмелетке толмаған жалған жауап бергені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтынын ескеретін болсақ, дәлелдемелердің аз болуы себебінен қылмыстық іс қысқартылатын. Осы орайда ПМ-нің бастамасымен барлық әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық қылмыстар бойынша тергеуді әйел жынысты тергеушілерге тапсыру «пилоттық» жобасы іске қосылды. Бұл өте нәтижелі жоба болды. Себебі,

расында әйелдер мен кәмелетке толмағандар, өздері қарсы жасалған қылмыстық әрекеттер бойынша толыққанды ақпаратты беруге қысылмайтын болды сонымен қатар, жалған арызданғаны жайлы мойындағандары да болды. Және де, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жауаптарын сот арқылы сақтап қалу (депонирование) жаңаша оңтайлы әсерін тигізді. Сараптамаларға қатысты сот-молекулярлы геномдық, сот-биологиялық сараптамалардың қорытындылары оңтайлы нәтижелерін көрсетті.

Бірақ ескере кететін жайт, қылмыс туралы ақпарат ішкі істер органдарына түскен сәттен бастап (арыз, баянат, хабарлама т.б.), оқиға болған жерге барған әрбір құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттері өте тиянақты және дұрыс болғанынан, қылмыстық істің тез ашылуы тікелей байланысты болады. Учаскелік инспектор оқиға болған жерді оқшаулап, бөтен ешкімді өткізбей, жедел-тергеу тобын күту қажет. Жедел-тергеу тобы келгенде, криминалист ең алдымен кіріп, барлық іздерді, дәлелдемелерді жинақтайды. Тергеуші оқиға болған жерге қарау жүргізіп, криминалистің алған заттарын хаттамаға толтырады. Дәлелдемелерге ішкі істер органы мекемесінде қарау жүргізуге болады, немесе оқиға болған жерде куәгерлердің қатысуымен қарауға болады.

Іс бойынша қатысушылардан жауап алу барысында, мұқият болған абзал. Себебі, жәбірленуші кәмелетке толмаған және жас балалардан жауап алғанда, барлығын егжей-тегжейлі сұрап, бейнежазбаға жазып алу керек. Өйткені, олардан қайта-қайта нақтылау үшін қосымша жауап алу, балалардың онсыз да бұзылған психикасына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, ата-аналар да, өз балаларының қайталанып психикалық стрессті жағдайға ұшырауына жол бермейді. Ал, дұрыс жауап алынбаған жағдайда, ары қарай сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе сот отырысы барысында қателіктер анықталса, оны өзгерте алмайсыз.

Сараптамаларға қатысты айта кетсек, қылмыстық іс тіркелген сәттен бастап, оқиға орнынан алынған барлық заттар дәлелдеме ретінде танып, сол күні, немесе түнгі уақыт болса, келесі күні тиісті сараптамалар тағайындап

қойған жөн. Жәбірленуші кәмелетке толмаған немесе жас балалардың киімдері мен сезіктіден алынған іш-киім, сырт киімдеріне, басқа да дәлелдемеле ретінде алынған заттарға сот-биологиялық, сот-молекулярлы-геномды, сот-психологиялы-психиатриялық, сот-наркологиялық (көп жағдайда, сезікті мас күйінде болса), және т.б. қажетті сараптамаларды дер кезінде тағайындау қажет. Өйткені, сарапшылардың өз заңнамаларына сәйкес сараптама жүргізуге берілген мерзімі бар. Мысалы, сот-биологиялық сараптаманы тағайындауға 1 ай уақыт берілген. Егер тергеуші сараптама тағайындау барысында, қандай да бір дәлелдемені дұрыс жібермесе, сарапшы сараптаманы тоқтату туралы хат жолдап, тиісті заттарды жеткізіп беруді талап етеді. Бұл бірнеше күн немес апта уақытты алуы мүмкін. Нәтижесінде, іс бойынша мерзіміне сай сараптама даяр болмаса, бұл тергеушінің олқылығы деп есептеледі. Құқық қорғау органы қызметкерінің кәсіби біліктілігі жоғары деңгейде болса, қылмыстық іс бойынша дұрыс шешім қабылдауына бірден-бір себеп. Өйткені, атап айтқандай, кейде, жалған арыз берушілер мен балаларына жалған жауап беруге міндеттейтін ата-аналардың болатынын жоққа шығармауымыз жөн.

Криминологиялық әдебиетте қылмыстың алдын-алу қарастырылады, ол бақылау, тексеру және объектілерді техникалық қорғау әдістерін қолдануды білдіреді. Қорғаудың алдын-алу аясында қылмыстарды бастапқы кезеңдерде анықтау және олардың жолын кесу міндеттері шешіледі. Бұл жерде «қорғау профилактикасы» терминімен (бұдан әрі біз оны «ескерту» терминінің аналогы ретінде пайдаланатын боламыз) тең дәрежеде операция жасауға болады деп ойлаймыз, бірақ терминологиялық айырмашылықтар маңызды емес, керісінше, уақытша, жедел сипаттағы шаралар туралы айтып отырмыз. Сонымен қатар, ашық іс-қимыл мүмкіндіктері көбінесе қылмыскерлердің құқық қорғау органдары қызметкерлерінің одан әрі іс-әрекеттеріне қатысты бағдарлану мүмкіндігімен азаяды. Демек, «таза» қауіпсіздік шараларын күзетпен толықтырудың қажеттілігі, бірақ жедел-ізвестіру қызметінің құралдары мен әдістерін тарту арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, енді тек қорғаныс ғана

емес, сонымен қатар қылмыстың жедел алдын-алу қалыптасады. Сондықтан, ішкі істер органдары жүзеге асыратын арнайы профилактиканың мүмкіндіктерін талдай отырып, оның қорғаныс компонентін және сәйкесінше жедел іздестіру профилактикасын қарастырған жөн.

Алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру мен орындауда ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері маңызды рөл атқарады. Олардың негізгі мақсаты жасалған қылмыстар туралы хабарламаларға жедел ден қою болып табылады. Кезекші бөлімнің ұйымдастырушылық-атқарушылық функциясының профилактикалық қызметі, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарға дайындалу немесе оқталу туралы хабарламаларды уақтылы тіркеу және оларға тікелей бұлтартпау мақсатында ден қою болып табылады. Сонымен қатар, бұл жұмыс жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстарды ашуда кідірісті азайтуды және статистикалық мәліметтерді нақты қылмыстық құбылыстарға жақындатуды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде алдын-алуды толық ақпараттық қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету қылмысқа қарсы күресте маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты зерттеушілердің барлығы дерлік маскүнемдік пен нашақорлықтың алдын-алудың маңыздылығын дұрыс айтады, өйткені алкоголь мен есірткіге мас болу жағдайын адамның жыныстық тұтастығына және жыныстық бостандығына қарсы қылмыс жасауға ықпал ететін ішкі жағдайлар деп санауға болады. Мәселен, біз зерттеген 72 қылмыстық іс бойынша қылмыскерлер қаралып отырған қылмыстарды жасау кезінде алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде болған; 48 қылмыс жасаған тұлғалар алкоголь мен есірткіні қолданбаған. Маскүнемдіктен немесе нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеуден өтіп жүрген адамдардың 100% - ның 9% - ы бұрын жыныстық қолсұғылмаушылыққа немесе жеке адамның жыныстық бостандығына қарсы қылмыс жасаған.

Учаскелік инспекторлар өз аумағындағы жедел жағдайды иеленуге міндетті. Олар жезөкшелерді, нашақорларды, маскүнемдерді, есірткі заттарын қолдануға және жезөкшелікпен айналысуға арналған үй-жайларды ұсынатын адамдарды және т.б. анықтауға тиіс. Тағы бір маңыздылығы, жезөкшелікпен айналысатын үй-жайларда жас балалар мен кәмелетке толмағандарды шақыртып, жезөкшелікке тартумен айналысатын қылмыстық топтарды анықтауға ат салысу керек.

Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылықпен күресудің маңызды сәті-бұл адамдардың белгілі бір санаттарының, көбінесе маскүнемдік, есірткі қолдану және азғындық мақсатында түрлі топтар, компаниялар, кештер ұйымдастыратын адамдардың азғын өмір салтын ескерту. Мұндай құбылыстардың алдын-алу қазіргі кезде өте өзекті, өйткені кейбір жастар әдеттегі моральдық нұсқауларды жоғалтты, және бос уақыттарын моральға жат қылықтармен айналысуға жұмсайтыны жанға батады. Жыныстық бағдары дұрыс табиғи азаматтар (ориентация), кей-кезде гомосексуалдық қарым-қатынасқа бейімделген ортаға түссе, қылмыстың құрбаны болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, болашақта ол құрбан, өзі де қызығушылық танытып, басқа адамдарға қарсы қылмыс жасауы ықтимал. Өйткені қоршаған орта, араласатын адамдар бір-біріне ықпал ететіні бәріне белгілі.

Құқық қорғау органдары жұртшылықпен бірлесіп, өз пәтерлерін осы мақсаттар үшін ұсынатын, басқаларды азғындық өмір салтына жетелейтін және тартатын адамдарды анықтауы тиіс. Мұндай адамдарға тәрбиелік, ал негіздер болған кезде қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық сипаттағы шараларды қолдану сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық жасауға ықпал ететін маңызды шарттардың бірін жоюға әсер етеді.

Барлық жас санаттарындағы екі жыныстағы адамдардың абайсыз немесе азғын мінез-құлқы тек осы «ойын-сауық» ортаның жұмыс істеу мүмкіндігіне байланысты ғана емес, алдын-алу шараларының объектісі болуы керек.

Көріп отырғанымыздай, жыныстық қылмыстардың алдын-алу үшін мұндай қылмыстардың ықтималдығы жоғары жерлерде және сол кезеңдерде тиісті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету өте маңызды. Ондай қауіпті орындар қатарына келесіні жатқызуға болады: қираған немесе құрылысы аяқталмаған ғимараттар, қаланың жол жиектері, жасыл алаңдар, саябақтар, жағажайлар. Ауа-райы жылынып, көктем, жаз айлары түскен кезде, аталған қылмыстар саны ұлғаяды. Бұл жәбірленушінің әрекетіне де байланысты, яғни виктимологияға.

Сондай-ақ, полиция қызметкерлері коммуналдық қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасауы керек. Жертөлелер мен шатырларға кіруді бұғаттауды талап еткен жөн.

Өздерінің қызмет көрсететін аудандарында, тұрғындармен профилактикалық сұхбат жүргізу қажет. Азаматтарды, подъезд есіктерін құлыптауға, балаларды далаға жалғыз жібермей, міндетті түрде үлкен адамдармен бірге шығуына талап ету. Мектептен қайтар кезде балаларын қарсы алу. Осындай іс-шаралар, тек қана жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстарды ғана емес, басқа да ұрлық, тонау, алаяқтық т.б. секілді қылмыстардың алдын-алуға септігін тигізеді.

Жыныстық қылмыстардың алдын алуда полицияның патрульдік-күзет қызметі маңызды рөл атқарады, оның қызметкерлері қоғамға қарсы элементтердің шоғырлану орындарын, жыныстық қолсұғылмаушылыққа және жеке адамның жыныстық бостандығына қарсы қылмыстарды жасау орындарын (орман, саябақ аймақтары, дискотекалар, түнгі клубтар және т.б.) тексереді. Патрульдік-күзет қызметі кезекші бөлімдермен, учаскелік инспекторлармен, қылмыстық іздестіру қызметкерлерімен тығыз өзара іс-қимылда жұмыс істейді.

Қоғамдық қауіпсіздік қызметінің және тікелей учаскелік инспекторлар мен патрульдік-күзет қызметінің алдын алу іс-әрекеттерінің ең жоғары тиімділігі көбінесе қылмыстық іздестірудің иелігіндегі әртүрлі, соның ішінде жасырын көздерден алынған жедел ақпаратты пайдаланумен байланысты.

Жедел-іздістіру профилактикасы-бұл қылмыстық ниеті бар адамдарды уақтылы анықтау және оларға қылмыстардың ықтимал құрбандарын оң қалыптастырушы ықпал ету және олардың қауіпсіздігін, криминогендік-виктимогендік жағдайларды қамтамасыз ету және оларды жою мақсатында өз құзыреті шеңберінде іздестіру, тексеру және бейтараптандыру сипатындағы жария және жасырын жедел-іздістіру іс-шараларын жүзеге асыратын ішкі істер органдарының жедел аппараттары субъектісі болып табылатын қылмысқа алдын ала қарсы іс-қимыл жасау процесі.

Кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алу, жедел-іздістіру профилактикасын ішкі істер органдарының жедел аппараттарының қызметі ретінде анықтауға болады, оның нақты мақсаты бар - сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық жасауға ниет білдірген адамдарды анықтау, ықтимал құрбандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қылмыстық ниеттердің орындалуын болдырмайтын жағдайлар жасау үшін жедел-іздістіру қызметінің күштерін, құралдары мен әдістерін пайдалану.

Дегенмен, жедел-іздістіру профилактикасының өзі және оны ақпараттық қамтамасыз ету және профилактикалық объектілерге қатысты жедел-іздістіру шараларын іске асыру жоспарында жедел аппараттардың күнделікті жедел-іздістіру қызметінің пысықталған схемаларына жинақталады.

Жедел-іздістіру профилактикасы шеңберінде жыныстық қылмыстар жасауды нақты күтуге болатын нақты адамдарға тікелей алдын алу әсері жедел-іздістіру қызметін толық көлемде жүзеге асыратын аппараттардың құзыретінің мазмұнынан туындайтын мүмкіндіктердің іс жүзінде көпшілігін іске асыруды қамтиды.

Оларға ішкі істер органдарына құпия негізде жәрдемдесетін және оларға оң әсер ету үшін алдын алу объектілерімен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі бар адамдарды пайдалану жатады. Мұндай мәселелерді шешуге тартылған конфиденттер егжей-тегжейлі дайындалуы керек және жедел қызметкердің

көмегімен профилактикалық адамның санасына жеткізілуі керек сенімді дәлелдермен қамтамасыз етілуі керек.

Әдетте, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыс жасайтындар, мінез-құлқы агрессивті, әрекеті белсенді, өзінің нәпсісін тыя алмайды.

Жедел-ізвестірушілер қылмыс жасауға бейім тұлғалармен тікелей сұхбат жүргізе алады, сонымен қатар профилактикалық мазмұнда ескерту жасауға құқылы. Қызметкерлер, сөз арасында, аталған тұлғанын психологиялық жағдайы мен іс-қимылына мән берген жөн. Себебі, олардың іс-қимылынан қобалжу белгісін анықтауға болады.

Сондай-ақ, жедел-ізвестіру қызметкерлері жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыс жасаған тұлғалардың ықтимал құрбандарымен байланыс орнатуға мүмкіндік алады. Нәтижесінде, құрбандыққа бейім тұлғаларды ескертіп, қылмыстың алдын-алуға мүмкіндік береді.

Қаралып отырған бағыттағы ішкі істер органдарының қызметін реттейтін негізгі нормативтік акт «ішкі істер органдарының қылмыстың алдын алуды ұйымдастыру негіздері туралы ереже» болып табылады.

Сонымен қатар, жедел-ізвестіру профилактикасында аз ғана азаматтардың өмірінің ерекше саласына бағытталған, жедел-ізвестіру қызметі - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау қағидатынан ауытқымау өте маңызды. Әрбір жедел қызметкерге сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері, олар қоғамдық моральмен қаншалықты айыпталмаса да, жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандырудың зорлық-зомбылықсыз нысандарынан оң бағалаумен нақты бөлінгені анық болуы керек.

Жедел-ізвестіру профилактикасының белгілі бір «дербес» секторы-түзеу мекемелерінің жедел аппараттарының тиісті қызметі.

Көбінесе бір қылмыскер бір емес, бірқатар жыныстық қылмыстарды жасайды. Мұндай «сериялық қылмыскерге», сондай-ақ сценарий түрінің өкілдеріне тән.



Сондықтан кінәлілерді уақтылы анықтау маңызды ескерту болып табылады.

Жазасыздық қаупі басқа. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасайтын адамдар, егер уақытында әшкереленбесе, қылмыс жасауға басқа адамдарды тартады.

Ішкі істер органдарының жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алу үшін келесідей әрекеттерден болары анық:

- іс-әрекеттің осы түрін жасауға бейім адамдарды анықтау және жедел есепке қою;

- қылмыстық ниеттерден бас тартуға көндіру мақсатында олармен жеке тәрбие жұмысын жүргізу;

- мұндай адамдарға қатысты олардың қылмыстық мінез-құлқын құжаттау және уақтылы жолын кесу жөніндегі жария және жасырын сипаттағы жедел-ізвестіру іс-шаралары кешенін жүзеге асыру.

Құжаттама - бұл кез келген жедел, оның ішінде тікелей дәлелді мәні жоқ, пайдаланылуы жедел-ізвестіру қызметінің жеке де, жалпы да міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін кез келген жедел ақпаратты материалдық жеткізгіштерде (аудио, бейне, кино-материалдарда, құжаттарда) анықтау және бекіту.

Қаралып отырған тақырыпқа қатысты құжаттама-бұл жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу және жолын кесу мақсатында жедел-ізвестіру шараларын қабылдау үшін қажетті ақпаратты материалдық тасымалдаушыларда бекіту.

Кез-келген жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыс жасаған қылмыскердің тұлғасына зерттеу жүргізу арқылы, олардың психологиялық ерекшеліктері мен ниеттерінің, қылмыстық пиғылының қандай екенін көрсетеді. Сондықтан, жәбірленушілер мен куәлардан тиянақты жауап алу, оқиға орнын егжей-тегжейлі қарау, дәлелдемелерді зерттеу барысында, қылмыскердің психологиялық портретін, оған тиісті моделін жасауға болады.

Жинақталған материалдар, қылмысты ашу мақсатында тергеу нұсқауларын құруға, қылмыскерден жауап алу, жәбірленушімен сезікті арасында беттестіру жүргізу тактикасын белгілеуге негіз болады.

Егер жыныстық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған нақты адамдардың ерекшеліктері туралы психологиялық ақпарат болса, онда осы қылмысты жасай алатын адамдар туралы ақпарат жинауға болады, кез-келген жағдайда, кем дегенде, осы параметр бойынша осындай адамдардың шеңберін құруға болады.

Жедел-ізвестірушілер мен тергеушілер, өз қызметтерін атқару барысында кейбір кезде психологтардың арнайы білімінің қажеттілігін ескеріп, көмекке жүгінеді. Алайда, көп жағдайда, психологтар аз болғандықтан немесе басқа сот және тергеу процестеріне қатысқандықтан, нақты психологтың қылмыскердің тұлғасына беретін сипаттамасынан құр қалуда. Психолог мамандарының тапшылығы еліміздің барлық аумағында кездеседі. Бұл да бір өзекті мәселелердің бірі. Егер психолог маман табылған жағдайда, ол құқық қорғау органдары қызметкерлеріне келесідей бағыт-бағдар беруі тиіс:

- жедел қызметкерлерді жыныстық қылмыстарға қарсы күрес тәсілдері мен әдістеріне оқыту;

- олардың алдын алу мен ашудың озық тәжірибесін жинақтау және тарату.

Сонымен қатар, жоспарларда құқықтық насихат және халық арасында жалпы профилактикалық сипаттағы түрлі іс-шараларды өткізу мәселелері көрініс табуы тиіс.

Белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру кезінде жыныстық қылмыс жасауға бейім адамдарды ұйымдастыру, анықтау және есепке қою, сондай-ақ олардың мінез-құлқын белсенді бақылау мәселелеріне ерекше назар аударылуға тиіс.

Құқық қорғау органдары үшін қызығушылықты келесі топтағы тұлғалар құрайды:

- бұрын жыныстық қылмыстар және өзге де зорлық-зомбылық қылмыстар үшін сотталған адамдар;
- тұрмыста азғындық жасауға жол беретін және қоғамға қарсы өмір салтын жүргізетін адамдар;
- маскүнемдер мен нашақорлар;
- жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұстаушылар;
- венерологиялық аурулармен ауыратын науқастар;
- АИТВ жұқтырғандар;
- жыныстық негіздегі психикалық ауытқулары бар адамдар.

Қылмыскерлер кейде таныстары мен достарына өздерінің ниетін айтады. Гомосексуалдар еркекке қарсы күш қолдану арқылы сексалды әрекеттер жасауға құштарлықтары бар екенін айтуы мүмкін. Сондықтан, ішкі істер органдарына құпия көмек көрсететін адамдармен жұмыс жасай отырып, жедел қызметкерлер оларды осындай мәліметтерді анықтауға тек қылмыскерлермен қарым-қатынас жасау барысында ғана емес, тұрғылықты, жұмыс, оқу және т. б. жердегі халықпен күнделікті байланыста болуға бағыттауы керек. Конфиденттердің көмегімен жыныстық қылмыс жасауға ниет білдірген адамдардың қылмыстық ниеттері туралы білуге, оларды бақылауға болады. Ашық жұмыста конфиденттерді пайдалану тактикасын егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік жоқ. Сондықтан, біз, ең алдымен, конфиденттердің өзіндік ерекшелігін көрсетумен шектелеміз (олар әдеттен тыс жыныстық бағдары бар адамдар арасында «өздері» болуы керек), дегенмен бұл «қасиет» ойдан шығарылған жағдайларға байланысты қамтамасыз етілуі мүмкін; екіншіден, жедел енгізу сияқты іс-шарамен байланысты барлық нәрсе психологиялық тұрғыдан үлкен қиындық тудырады.

Бұл қылмыстардың латенттілігін ескере отырып, азаматтардың құқық қорғау органдарына уақтылы жүгінуі үшін, олармен осы тақырыпта ашық лекциялармен, әңгімелермен, хабарламалармен жүйелі түрде жиналыстар ұйымдастырылып, сөз сөйленуі тиіс. Сонымен бір мезгілде азаматтарды

қылмыскерлердің құрбаны болмау үшін сақтық шараларын сақтауға бағыттаған жөн; ата-аналардың балалардың мінез-құлқы мен болатын жерін үнемі бақылау қажеттілігіне ерекше назар аудару керек. Оқушылармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында әңгімелесу кезінде жастардың адамгершілік және жыныстық тәрбиесі мәселелерін көтеру керек.

Жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алу мақсатында, оқу орындарының, яғни сынып жетекші, психолог, әлеуметтік педагог, тәрбие ісінің меңгерушісі, директорға дейін өзара жұмыс атқаруға тарту керек. Көзбояушылық үшін емес, нақты әрбір баланың болашақта тұлға ретінде қалыптасуына үлес қосушылар болғандықтан. Қажет болған жағдайда тексеру материалдарын жинақтап, жан-жақты талдап, нәтижелері туралы жоғары тұрған ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын хабардар ету керек.

Жеке адамның жыныстық тиіспеушілігіне және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстардың, оның ішінде сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу түзеу мекемелерінде өздері жасаған жыныстық қылмыстар үшін қылмыстық жазасын өтеп жүрген адамдарға қатысты да жүзеге асырылуға тиіс. Сотталған адамды түзеу және қайта тәрбиелеу, егер осы адамды қылмыс жасауға итермелеген ішкі себептер анықталған жағдайда ғана мүмкін болады. Олар, ең алдымен, жеке әсер ету объектісі болуы керек. Тек осы жағдайда ғана қылмыскерлерді дұрыс түзетуге және қайта тәрбиелеуге қол жеткізуге, қайталанудың алдын алуға болады. Жеке жұмыс, ең алдымен, адамның қасиеттерін егжей-тегжейлі зерттеуге, қылмыстық әрекеттің себептерін анықтауға негізделуі керек. Жеке әсердің мақсаты мен жеке тұлғаны және оның мінез-құлқын психокоррекциялау әдістерін нақты тұжырымдау қажет. Қалай болғанда да, жеке жұмыстың бастапқы шарты-әңгіме сияқты техниканың көмегімен жүзеге асырылатын қылмыскердің өмір жолын психологиялық талдау және бағалау.

Егер ол тиісті түрде салынған болса, сонымен бірге үлкен тәрбиелік мәнге ие болуы мүмкін. Әңгіме барысында сотталған адам өз ойларын ретке келтіреді және көбінесе әңгімеден кейін туындайтын кейбір себеп-салдарлық байланыстарды, сындарлы қорытындыларды анықтайды. Себеп-салдарлық байланыстарды тікелей түсіндіруді жалпы түрде немесе оның нақты мысалында қолдануға болады.

Жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстарды алдын-алу бойынша арнайы криминологиялық іс-шаралар қатарына, жедел-ізвестіру қызметкерлері мен тергеушілердің маңызы зор деп ойлаймыз.

К.И. Масленниковтың ескертуіне, «кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын-алуда, басты рөлде құқыққорғау органдары болады, оның ішінде ішкі істер органдары. Себебі оларға профилактикалық міндеттемелер жүктелген» [61]. Құқық қорғау органдары қызметкерлері, өздерінің кәсіби біліктілігін әрдайым арттыру арқылы, жан-жақты даму үстінде болулары шарт. Қылмыскерлердің қалай ойлайтыны мен ары қарай қандай әрекет жасайтынын алдын-ала болжауға шамалары келетіндей дайындық болғаны абзал. Әрбір қылмыс бойынша сызба (схема) әзірлеп, жасалған қылмыстың ізін суытпай ашылуын қамтамасыз ету, жедел-ізвестірушілерге жүктеледі. Ал қылмыстың алдын-алу, учаскелік полиция қызметкерлеріне жүктелуі тиіс. Алайда, әрбір құқық қорғау органдарының қызметкері өз ісінің маманы болып, адал еңбек етіп, халқы, мемлекеті үшін жанашыр болса, еліміздің тұтастығы мен болашағына кепіл болары анық.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әлеуметтік желіде кеңінен тараған порнографиялық бейнежазбалар мемлекеттік тұрғыда барынша қатаң қадағалауға алынуы тиіс. Ғылыми зерттеу жүргізу барысында, жас балалар мен кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық зорлық-зомбылық жасайтын қылмыскерлер, жас балалардың қатысуымен түсірілген порнографиялық сайттарға жиі кіретіндері анықталды. Замануи технологиялардың дамуына байланысты, кәмелетке толмағандар мен жас балалардың қатысуымен түсірілген порнографиялық сайттарды және осы сайттарға жиі кіретін тұлғаларды анықтайтын аналитикалық жүйе құрастыруға болады. Осындай жүйені «Kazdream» ІТ-холдингінің қызметкерлері ойлап тапқан. Осыған орай, ІІМ-нің қызметкерлерінің аталған жүйені жасайтын басқа да компаниялардың өнімін жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын-алу шараларын жүргізу барысында қолданысқа енгізуін ұсынамыз.

Қазіргі таңда бүкіләлемдік тәжірибеде көмек сұрау дабылы (сигналы) кең тарауда. Бұл дабыл қолдың төрт саусағын қалыпты жағдайда ұстап, бас саусақты ішке бүгіп, содан соң қалған төрт саусақты да бұғу арқылы жүзеге асырылады. Аталған сигнал әлемде көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға септігін тигізді. Сондықтан осы «көмек сигналын» Қазақстан Республикасының территориясында бұқаралық ақпараттар, әлеуметтік желі арқылы, мектептерде, ұйымдарда т.с.с. барлық жерде кеңінен таратуды ұсынамыз. Нәтижесінде адамдар өздерінің азаматтық борышын орындау арқылы, қылмыстардың алдын алуға септігін тигізетін болады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру – құқықбұзушылықтың алдын-алу аспектілерінің бірі. Жас балалар мен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарды тергеу әрекеттері дұрыс ұйымдастырылған болса, тиімді нәтижеге қол жеткізіледі. Жас балаларды азғындық жолға түсіру қылмыстарын тергеу барысында, тергеуші жәбірленуші мен сезіктіден жауап алу, олардың

арасында беттестіру жүргізу кезінде, өзінің кәсіби біліктілігін барынша жан-жақты қолданып, сұрақтарды алдын-ала даярлап, қылмыстық заңнаманы дұрыс қолданып, нәтижесінде аталған тергеу амалдарымен істің нақты мән-жайын анықтап, өзінің ішкі сенімін ескеріп, шешім қабылдауы қажет. Қылмыстық істерді сотқа дейін жеткізіп, кінәлі жазасын тартқан фактілердің саны артса, осы санаттағы қылмыстарды жасауға ниеттеніп жүрген тұлғалар, жауаптылықтан қорыққандықтан, заңсыз әрекеттерді жасаудан тартынатын болары анық. Тәжірибеде, жауап алудың қыр-сырын үйретіп, дұрыс сұрақтар қоюды үйрететін тәлімгерлер (наставник) қазіргі кезде өте аз немесе мүлдем кездеспеуі де мүмкін. Жаңадан келген қызметкерге дұрыс бағыт-бағдар беріп, қылмыстарды тергеуді үйрететін тәлімгердің болмауы да проблема. Тәжірибеде «Тәлімгер институтын» (Институт наставничества) қалыптастыру қажет. Сондықтан біз осындай қылмыстардың алдын-алу шараларының бірі ретінде, жыныстық қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру алгоритмін ұсынып отырмыз.

ҚР Қылмыстық кодексінің 124 бабында көзделген «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 Нормативтік қаулысына түсінік енгізу қажет. Ол келесі редакцияда ұсынылады: «14-3. Жас балаларды азғындық жолға түсіру деп – жас балаларға қарсы, күш қолданбай, эксгибиция, әдепсіз жанасу, сипалау, шымшылау, жыныстық мүшелермен үйкелісу, мастурбация, әдепсіз құшақтасу, сексуалды көріністерді демонстрациялау, порнографиялық материалдарды ұсыну және т.б. әрекеттерді түсіну қажет». Бұл түсінік тергеу барысында қылмысты дұрыс саралауға көмектеседі.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Қолжетімділік тәртібі: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1005029](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029)
2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 01.01.2015 жылы қолданысқа енгізілген, Қолжетімділік тәртібі: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575252](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252)
4. «Қазақтың әменгерлік дәстүрі жайлы не білеміз» мақаласы, Қолжетімділік тәртібі: <https://stan.kz/kazaktyn-amengerlik-dasturi-zayly-ne/>
5. БҰҰ-ның бала құқығы туралы Конвенциясы.
6. Қазақстан Республикасы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, 2 қыркүйек 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
5. «Толковый словарь русского языка» под редакцией Д. Н. Ушакова (1935-1940); (электронная версия): Фундаментальная электронная библиотека\ <https://kartaslov.ru/значение-слова/неприкосновенность>
6. Большой толковый словарь русского языка [Текст] / авт. и руковод. проекта, сост., гл. ред. С.А. Кузнецов. – СПб.: Норинт, 1998. – 1536 с.
7. Новая философская энциклопедия [Текст]. В 4 т. Т. 3: Н-С / Рук. проекта В.С. Степин, Г.Ю. Семигин. – М.: Мысль, 2010. – 692 с.
8. Седнев В.В. Посягательство на половую свободу и неприкосновенность: соотношение некоторых понятий\ \Право Донецкой Народной Республики. 2016. № 2. С. 26-36.
9. Российское уголовное право. Курс лекций. Т.3 преступления против личности\ под Ред. А.И.Коробеева. Владивосток, 2000. С.344
10. Кибальника А., Соломоненко И. Насильственные действия сексуального характера\ \Российская юстиция.2001. № 8 С.21



11. Мельников А.Б., Кочубей М.А., Радочинский С.Н. Уголовное право. Особенная часть: Учебник. Ростов на \ Д., 2001. С.79
12. Смирнов С., Толмачев А. Уголовное право. Особенная часть (курс лекций). М. 2000. С.32
13. Коняхин В. Насильственные действия сексуального характера // Законность. - М., 2005, № 9. - С. 7-9
14. Никитина М.А. Соотношение половой свободы и половой неприкосновенности несовершеннолетних в сфере государственно-правовой защиты их прав и свобод\\Молодые ученые. 2014. № 5. С. 72-78.
15. Котельникова Е. А. Насильственные посягательства на половую свободу и половую неприкосновенность: уголовно правовая характеристика и проблемы квалификации : автореф. дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.08 / Е. А. Котельникова. — Н. Новгород, 2007. — 30 с.
16. Степанова М.А., Царев Е.В. Ответственность за преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних по российскому уголовному закону // Проблемы правоохранительной деятельности, 2012. № 12. С. 21.
17. Мартиросьян А.М. Насильственные половые преступления в отношении несовершеннолетних (уголовно-правовой и криминологический аспекты): автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Ростов н/Д, 2009. С. 11–13.
18. Рагозина И.Г. К вопросу о содержании объекта ненасильственных половых преступлений против несовершеннолетних // Вестник Омской юридической академии. - Омск: НОУ ВПО "Омский юрид. ин-т", 2013, № 2 (21). - С. 107-109
19. Российское уголовное право.\ под Ред.А.И.Коробеева С.345
20. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье»  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31102748](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102748)
21. Конвенция о правах ребенка - Нью-Йорк: ООН, 1991. - 62 с

22. Загрядская А.П. Экспертиза половой зрелости. Горький, 1985. С. 26-27
23. Семенов, Милман.
24. Шувалова Т.Г. Понятие и сущность насильственных преступлений сексуального характера, совершаемых в отношении несовершеннолетних // Следователь. Федеральное издание. 2009. №4 (132).
25. Фалалеев М. Запретный секс. Педофилов ловят в сети на «веселые картинки» [Электронный ресурс] // Российская газета. 2011. 23 нояб.
26. Международная классификация болезней Десятого пересмотра. Электронная версия [Электронный ресурс].
27. Польшиков А.В. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с изготовлением и оборотом материалов с порнографическими изображениями несовершеннолетних в сети «Интернет» : автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Тамбов, 2009.
28. Образцова К. Война с педофилами в интернете [Электронный ресурс]. 2011
29. Гусева О.Н. Педофильная виктимизация и виктимологическая профилактика педофильных преступлений : автореф. дис. ... канд. юрид. наук. М., 2011. С. 265.
7. Ерохина Л.Д. Проблема равенства и порнография // Труды членов РФО. М., 2007. Вып. 9. С. 210–214.
8. На интернет-пользователя возбуждено уголовное дело за развращение 13-летней девочки в сети «ВКонтакте» [Электронный ресурс].
30. Ерохина Л.Д. Проблема равенства и порнография // Труды членов РФО. М., 2007. Вып. 9. С. 210–214
31. На интернет-пользователя возбуждено уголовное дело за развращение 13-летней девочки в сети «ВКонтакте» [Электронный ресурс]. URL: [http://pravo.ru/news/view/62676/?utm\\_source=twitter&utm\\_medium=cpc&utm\\_campaign=twitter\\_share](http://pravo.ru/news/view/62676/?utm_source=twitter&utm_medium=cpc&utm_campaign=twitter_share)
32. Рейтинг: в каких странах больше педофилов и где их лучше выявляют [Электронный ресурс]. 2011.

33. Орлов С. Латвия «засветит» своих извращенцев. МВД республики готовится поставить всех педофилов на специальный учет в самоуправлениях [Электронный ресурс].
34. «К педофилам надо применять самые жесткие меры» [Электронный ресурс]. 2011. 29 июля. URL: <http://newzz.in.ua/main/1148869383-k-pedofilam-nado-primenyat-samye-zhestkie-mery.html/>
35. Криминалистическая методика: учеб. пособие для академического бакалавриата/ под. общ. ред. А. Г. Филиппова. М.: Издательство Юрайт, 2017. 338 с.
36. Облаков А. А., Облаков А. Ф. Предпосылки возникновения и развития криминалистической характеристики преступлений как составного элемента криминалистической методики // Российский следователь. 2016. № 13. С. 7 – 12.
37. Криминалистика: учебник для бакалавриата и магистратуры / под общ. ред. И. В. Александрова. М.: Юрайт. 336 с.
38. Малыхина Н. И. Учение о лице, совершившее преступление: понятие, структура, место в системе криминалистических учений// Правовое государство: теория и практика. 2016. Т. 2. № 44. С. 127-137.
39. Фойгель Е. И. Человек и человеческая деятельность как объекты изучения частной криминалистической теории // Библиотека криминалиста. 2017. № 2. С. 218 – 230.
40. Тазин И. В. Криминалистическая характеристика мотивационно-смысловой сферы личности преступника: автореф. ... дисс. канд. юрид. наук. Томск, 2006.
41. Ахмедшин Р. Л. Криминалистическая характеристика личности преступника. Томск: Изд-во Том. ун-та, 2005. 210 с.
42. Яблоков Н. П. Криминалистика: учебник и практикум для прикладного бакалавриата. М.: Издательство «Юрайт», 2017. 240 с.
43. Ищенко Е. П. Криминалистическое исследование свойств человека: современные тенденции развития// Вестник криминалистики. 2014. Вып. 2(50). С. 14-23.

44. Дворянчиков Н. В. Полоролевая идентичность у лиц с девиантным сексуальным поведением: дисс... канд. псих. наук. М.: 1998. 178 с.
45. Дерягин Г. Б., Эриашвили Н. Д., Антонян Ю. М., Лебедев С. Я. Криминальная сексология: учеб. пособие. М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2011. 399 с.
46. Криминальная сексология / под ред. Ю. М. Антоняна. М.: Спарк, 1999. 464 с.
47. Макарова Т. Е., Дворянчиков Н. В. Половозрастная идентичность у лиц, совершивших сексуальные насильственные действия в отношении детей// Психология и право. 2013. № 3. С. 5-6
48. Сухарев А.Я., Крутских В.Е., Сухарева А.Я. Большой юридический словарь. М.: Инфра-М, 2003
49. Национальная стратегия действий в интересах женщин на 2017—2022 гг. Утв. распоряжением Правительства РФ от 8 марта 2017 г. № 41
50. Доклад ВОЗ «О ситуации в мире в отношении предупреждения насилия за 2014г.».URL:<http://www.who.int/mediacentre/news/releases/2014/violenceprevention/ru/>
51. Ивасюк О.Н. Актуальные вопросы защиты прав потерпевших от семейно-бытовых преступлений // Актуальные проблемы защиты прав человека в России и за рубежом. М., 2017
52. Губарева Т. И. Криминологическая безопасность в системе национальной безопасности Российской Федерации: к постановке проблемы // Общество и право. — Краснодар : Изд-во Краснодар. ун-та МВД России, 2012. — № 3 (40). — С. 172—174
53. Тимошенко В. В. Криминологическая характеристика личности преступника, совершающего изнасилования и насильственные действия сексуального характера в отношении несовершеннолетних и малолетних // Территория науки. — 2016. — № 2. — С. 286—291
54. Шахназарова Н. Д. Понятие и признаки изнасилования // Крымские юридические чтения : материалы научно-практической студенческой

конференции / Академия Генеральной прокуратуры Российской Федерации, Крымский юридический институт. — Симферополь, 2016. — С. 497

55. Антонян Ю.М., Ткаченко А.А.: Сексуальные преступления. Чикатило и другие. Электронды ресурс: <https://cyberleninka.ru/article/n/95-01-028-antonyan-yu-m-tkachenko-a-a-seksualnye-prestupleniya-chikatilo-i-drugie-m-amalteya-1993-319-s>

56. Чуприков А.П., Цупрык Б.М. Общая и криминальная сексология. Электронды ресурс.

57. Я.М. Яковлев. Половые преступления. Электронды ресурс.

58. Бейлинсон П. Половые преступления. Электронды ресурс.

59. Трофимов Н.И. Изнасилование // Квалификация отдельных видов тяжких преступлений. Иркутск, 2011. С. 11

60. Дерягин Г.Б. Криминальная сексология. Электронды ресурс.

61. Толковый словарь Ожегова С.И. Электронды ресурс.

62. «Зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 4 Нормативтік қаулысы.[http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000004S\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000004S_)